Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 30 қыркүйектегі № 988 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 қыркүйекте № 40044 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі *Е. Сарсембаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 988 Бұйрықпен
бекітілген

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, оларға өзгерістер, түзетулер, толықтырулар енгізу, азаматтық хал актілерінің күшін жою және қалпына келтіру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 112 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10764 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, оларға өзгерістер, түзетулер, толықтырулар енгізу, азаматтық хал актілерінің күшін жою және қалпына келтіру қағидаларында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік корпорация (ХҚКО) арқылы қағаз жеткізгіште мемлекеттік қызмет көрсету кезінде, өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметтер көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс күні аяқталғанға дейін екі сағат бұрын келіп түссе, онда мерзім келесі жұмыс күнінен басталады.";

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мемлекеттік корпорацияның (ХҚКО) қызметкері көрсетілетін қызметті алушының өтінішін мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасы болған кезде қабылдайды және қабылданған құжаттар курьерлік байланыс арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі.

Құжаттардың толық топтамасы ұсынылған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайларда Мемлекеттік корпорацияның (ХҚКО) қызметкері өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) Мемлекеттік корпорацияның (ХҚКО) сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін мерзім белгіленеді, ол осы Қағидаларда белгіленген тиісті мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзіміне есептелмейді және одан аспауға тиіс. Атап айтқанда, баланың тууын тіркеу кезінде - 2 (екі) жұмыс күніне дейін, азаматтық хал актісінің жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу кезінде - 5 (бес) жұмыс

күніне дейін, неке (ерлі-зайыптылықты) қиюды тіркеу кезінде - күнтізбелік 15 (он бес) күнге дейін, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу кезінде - күнтізбелік 30 (отыз) күн, қайтыс болуды тіркеу кезінде 1 (бір) жұмыс күніне дейін, азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру кезінде - 3 (үш) жұмыс күніне дейін, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру кезінде - 3 (үш) жұмыс күніне дейін қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі белгіленеді.

Кемшіліктер жойылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған кезден бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

13. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар келіп түскен күні өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды қабылдауды, нысанының толтырылу дұрыстығына тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштерді есепке алу журналында (бұдан әрі - журнал) тіркеуді жүргізеді.

Журналды тек электронды түрде жүргізуге рұқсат етіледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы тиісті құжаттарды қабылдау туралы өтініш бланкісінің үзбелі талонын алады.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуға тиіс.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін мерзім белгіленеді, ол осы Қағидаларда белгіленген тиісті мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзіміне есептелмейді және одан аспауға тиіс. Атап айтқанда, баланың тууын тіркеу кезінде - 2 (екі) жұмыс күніне дейін, азаматтық хал актісінің жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу кезінде - 5 (бес) жұмыс күніне дейін, неке (ерлі-зайыптылықты) қиюды тіркеу кезінде - күнтізбелік 15 (он бес) күнге дейін, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу кезінде - күнтізбелік 30 (отыз)

күн, қайтыс болуды тіркеу кезінде 1 (бір) жұмыс күніне дейін, азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру кезінде - 3 (үш) жұмыс күніне дейін, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру кезінде - 3 (үш) жұмыс күніне дейін қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі белгіленеді.

Кемшіліктер жойылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған кезден бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұрады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған);

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайларда жүзеге асырылады.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы анықталған кемшіліктер тоқтата тұру мерзімі шегінде жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда, анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай :

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұрады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша тууды мемлекеттік тіркеу " Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау", "Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою" және "Бала туғанда берілетін және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды тағайындау" мемлекеттік қызметтерімен жиынтықта композиттік тәртіпте көрсетіледі.";

163-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"163. Азаматтық хал актілері жазбаларының электрондық нұсқаларының көшірмелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттері

шегінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының (ақпараттық жүйелері АХАЖ АЖ-мен ықпалдастырылған мемлекеттік органдарды қоспағанда), адвокаттардың, нотариустардың (АХАЖ АЖ-да азаматтық хал актілері жазбалары болмаған кезде) сұрау салулары бойынша, басқа мемлекеттерді қоскқанда, сондай-ақ басқа мемлекеттердің АХАТ органдарының (қызметтерінің) сұрау салулары бойынша ғана беріледі (жіберіледі).";

осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес 2-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымша осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 13-қосымша осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 17-қосымша осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 20-қосымша осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 22-қосымша осы тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 26-қосымша осы тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 30-қосымша осы тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 34-қосымша осы тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

"Қазақстан Республикасының әділет органдарынан, азаматтық хал актілерін тіркеу және өзге де мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 58 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20740 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасының әділет органдарынан, азаматтық хал актілерін тіркеу және өзге де мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидалар "Қазақстан Республикасының әділет органдарынан, азаматтық хал актілерін тіркеу және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан түсетін ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетілу тәртібі мен шарттарын айқындайды және Қазақстан Республикасының әділет органдарынан және өзге мемлекеттік органдардан,

сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою құқығы бар Астана қаласы, облыстардың, Алматы және Шымкент қалаларының әділет департаменттері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) қолданады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз жеткізгіште мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушының өтінішін мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасы болған кезде қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері ұсынған құжаттарды тексереді, оларды қабылдайды және қызмет алушыға тиісті құжаттарды қабылдау туралы электрондық қолхат береді, онда қабылданған құжаттардың тізбесі, өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты, және әкесінің аты (бар болған жағдайда), өтініштің берілген күні мен уақыты, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру күні көрсетіледі. Қызмет алушының өтініші бойынша қолхат қағаз нысанда да беріледі. Қабылданған құжаттар қызмет алушыға курьерлік байланыс арқылы жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайларда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бесінші абзацында көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) Мемлекеттік корпорацияның сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін мерзім белгіленеді, ол осы Қағидаларда белгіленген тиісті мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзіміне есептелмейді және одан аспауға тиіс. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Кемшіліктер жойылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған кезден бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі өтініш түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады, содан кейін апостиль қоюға жауапты қызметкерге береді.

Көрсетілетін қызметті беруші қол қою үлгісі мен мөр бедерінің апостиль қоюға жататын құжатқа сәйкестігін, сондай-ақ өтініш пен ұсынылған құжаттардың Конвенция мен Бірыңғай қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді.

Мемлекеттік корпорация арқылы түскен өтінішті және ұсынылған құжаттарды тексеру нәтижелері бойынша 2 (екі) жұмыс күні ішінде құжатқа "апостиль" мөртабанын қояды және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы қол қойған қағаз тасығыштағы құжат түріндегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін не Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 11-тармағында көзделген негіздер бойынша дәлелді бас тартуды жібереді.";

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұрады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған);

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-

тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайларда жүзеге асырылады.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы анықталған кемшіліктер тоқтата тұру мерзімі шегінде жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда - мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда - анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай :

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайдың енгізілуі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұрады.";

Көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы тізбеге 11-қосымшаға сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын.

3. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөнінде мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 66 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20771 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 9-4-тармақпен толықтырылсын:

"9-4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 19-1-тармақпен толықтырылсын:

"19-1. Көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің оларды сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған, осы Қағидаларда белгіленген жалпы мерзімге енгізілмейтін және одан аспауға тиіс мерзім белгіленеді. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 20-1-тармақпен толықтырылсын:

"20-1. Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін Мемлекеттік корпорацияның сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Құжаттарды қайта ұсыну көрсетілетін қызметті алушы тарапынан анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін тоқтата тұру мерзімі шегінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған, осы Қағидаларда белгіленген тиісті жалпы мерзімге енгізілмейтін және одан аспауға тиіс мерзім белгіленеді. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.";

мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылсын:

"23-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 9-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті

алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

1)-3) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы анықталған кемшіліктер тоқтата тұру мерзімі шегінде жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры анықталғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда – анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әрекеті деп төтенше жағдайдың енгізілуі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда.";

осы тізбеге 12-қосымшаға сәйкес 9-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 8-қосымша осы тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 6-3-тармақпен толықтырылсын:

"6-3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған, осы Қағидаларда белгіленген жалпы мерзімге енгізілмейтін және одан аспауға тиіс мерзім белгіленеді. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) Мемлекеттік корпорацияның сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған, мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде белгіленген жалпы мерзімге енгізілмейтін және одан аспауға тиіс мерзім белгіленеді. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы

көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған жағдайда;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

1)-3) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрады:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры анықталғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін.

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда, – анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әрекеті деп төтенше жағдайдың енгізілуі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда.";

осы тізбеге 14-қосымшаға сәйкес 6-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымша осы тізбеге 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

"26-1. Көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған, осы Қағидаларда белгіленген жалпы мерзімге енгізілмейтін және одан аспауға тиіс мерзім белгіленеді. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылдау күні болып есептеледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 27-1-тармақпен толықтырылсын:

"27-1. Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) Мемлекеттік корпорацияның сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған, осы Қағидаларда белгіленген жалпы мерзімге енгізілмейтін және одан аспауға тиіс мерзім белгіленеді. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.";

мынадай мазмұндағы 30-1-тармақпен толықтырылсын:

"30-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

1)-3) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры анықталғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне

енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда – анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әрекеті деп төтенше жағдайдың енгізілуі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда.";

осы тізбеге 16-қосымшаға сәйкес 4-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымша осы тізбеге 17-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Заңды тұлғаның қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық

емес топтамасын ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті беруші оларды сақтауға қабылдамай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған, осы Қағидаларда белгіленген жалпы мерзімге енгізілмейтін және одан аспауға тиіс мерзім белгіленеді. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:

"15-1. Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) Мемлекеттік корпорацияның сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған, мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде белгіленген жалпы мерзімге енгізілмейтін және одан аспауға тиіс мерзім белгіленеді. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 18-1-тармақпен толықтырылсын:

"18-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

1)-3) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры анықталғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда – анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әрекеті деп төтенше жағдайдың енгізілуі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда.";

осы тізбеге 18-қосымшаға сәйкес 3-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы тізбеге 19-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық

емес топтамасын ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған, осы Қағидаларда белгіленген жалпы мерзімге енгізілмейтін және одан аспауға тиіс ақылға қонымды мерзім белгіленеді. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 9-2-тармақпен толықтырылсын:

"9-2. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

1)-3) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры анықталғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда – анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады."

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әрекеті деп төтенше жағдайдың енгізілуі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын

мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда.";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

осы тізбеге 20-қосымшаға сәйкес 2-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы тізбеге 21-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымша осы тізбеге 22-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 10 қазандағы № 726 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33555 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 9-2-тармақпен толықтырылсын:

"9-2. Көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша қойылатын талаптарға сәйкес

келмеген, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің оларды сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған, осы Қағидаларда белгіленген жалпы мерзімге енгізілмейтін және одан аспауға тиіс мерзім белгіленеді. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 9-3-тармақпен толықтырылсын:

"9-3. Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) Мемлекеттік корпорацияның сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған, мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде белгіленген жалпы мерзімге енгізілмейтін және одан аспауға тиіс мерзім белгіленеді. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

1)-3) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры анықталғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда – анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайдың енгізілуі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда.";

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы тізбеге 23-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

осы тізбеге 24-қосымшаға сәйкес 3-1-қосымшамен толықтырылсын.

5. "Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 12 мамырдағы № 302 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32514 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне автоматтандырылған қол қою – барлық қажетті деректер мен растаулар цифрлық объектілерден және жүйелерден алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз мемлекеттік көрсетілетін қызметтің электрондық нәтижесіне электрондық цифрлық қолтаңбаны автоматтандырылған түрде қою.";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері растайтын құжаттармен (кепіл шарты, кепілді тіркеу туралы куәлік) өзгерістер енгізу үшін қателер түсіндірмесін көрсете отырып, тіркелген кепіл туралы енгізілген мәліметтері бар көрсетілетін қызметті алушыдан өтінішті қабылдайды не көрсетілетін қызметті берушінің осы Қағидалардың 7-1-тармағына сәйкес құжаттарды қабылдау жөніндегі жөніндегі қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті беруші тіркеуге өтініште көрсетілген мәліметтерді тексеруді жүзеге асырады, мәліметтерді архив материалдарының деректерімен салыстырып тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші техникалық қателерді түзетуді жылжымалы мүлік кепілі тізіліміне, сондай-ақ кепілді тіркеу туралы куәлікке қосымша жазба енгізу арқылы жүзеге асырады.

Түзету жүзеге асырылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы анықталған кемшіліктерді жоймаған және (немесе) жетіспейтін құжаттарды осы Қағидалардың 7-1-тармағына сәйкес мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұру кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы қолхат береді.";

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) Мемлекеттік корпорацияның сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған, мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде белгіленген жалпы мерзімге енгізілмейтін және одан аспауға тиіс мерзім белгіленеді. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 7-2-тармақпен толықтырылсын:

"7-2. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті

алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

1)-3) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры анықталғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда – анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайдың енгізілуі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда.";

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы тізбеге 25-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы тізбеге 26-қосымшаға сәйкес 6-қосымшамен толықтырылсын.

6. "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 740 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33595 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне автоматтандырылған қол қою – барлық қажетті деректер мен растаулар цифрлық объектілерден және жүйелерден алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз мемлекеттік көрсетілетін қызметтің электрондық нәтижесіне электрондық цифрлық қолтаңбаны автоматтандырылған түрде қою.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті (бұдан әрі – өтініш) және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – тізбесі) көзделген құжаттарды "цифрлық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (http:// www.egov.kz) (бұдан әрі – портал) арқылы береді.";

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін

қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 7-2-тармақпен толықтырылсын:

"7-2. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

1)-3) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры анықталғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасыны заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда – анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әрекеті деп төтенше жағдайдың енгізілуі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда.";

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы тізбеге 27-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

осы тізбеге 28-қосымшаға сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын.

7. "Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 131 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7586 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидаларында:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне автоматтандырылған қол қою – барлық қажетті деректер мен растаулар цифрлық объектілерден және жүйелерден алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз мемлекеттік

көрсетілетін қызметтің электрондық нәтижесіне электрондық цифрлық қолтаңбаны автоматтандырылған түрде қою.";

мынадай мазмұндағы 20-1-тармақпен толықтырылсын:

"20-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 27-1-тармақпен толықтырылсын:

"27-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

1)-3) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті

алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры анықталғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда – анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайдың енгізілуі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда.";

көрсетілген бұйрыққа 6-қосымша осы тізбеге 29-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 8-қосымша осы тізбеге 30-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 12-қосымша осы тізбеге 31-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 13-қосымша осы тізбеге 32-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы тізбеге 33-қосымшаға сәйкес 15-қосымшамен толықтырылсын.

8. "Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлікке мемлекеттік техникалық зерттеп- қарауды жүргізу қағидалары мен мерзімдерін, "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын және Бастапқы және кейінгі жылжымайтын мүлік объектілеріне кадастрлық нөмір беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 6 мамырдағы № 156 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8469 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлікке мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды жүргізу қағидалары мен мерзімдері және "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне автоматтандырылған қол қою – барлық қажетті деректер мен растаулар цифрлық объектілерден және жүйелерден алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз мемлекеттік көрсетілетін қызметтің электрондық нәтижесіне электрондық цифрлық қолтаңбаны автоматтандырылған түрде қою.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрға енгізу, жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінде (бұдан әрі - № 1 Тізбе) келтірілген.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне енгізу жөнінде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш береді, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы № 1 Тізбенің 8-тармағына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес

жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытынды беру: www.egov.kz (бұдан әрі – портал).

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды ұсыну кезінде:

көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" нәтижені алу орны мен күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) расталады не ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы алынады.

Көрсетілген қызметті алушы қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған, сондай-ақ осы Қағидалардың 4-2-тармағына сәйкес бұзушылықтарды жоймаған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық зерттеп-қарау бөлімі архивінің қызметкері, түгендеу істерін іздестіруді және жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тексеру бөлімінің қызметкері келесі әрекеттерді жасайды:

жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерін сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін дерекқорға енгізу бойынша:

жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізеді;

көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне енгізу туралы хабарлама жіберіледі;

жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны дайындау бойынша әзірленген кадастрлық паспортты және қорытындыны басшылыққа келісуге және қол қоюға жібереді.

Жеке кабинетіне жылжымайтын мүлік объектісін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау бойынша орындалған жұмыс үшін қосымша ақы төлеу қажеттігі туралы хабарлама жіберіледі.

Жылжымайтын мүлік объектісіне кадастрлық паспортты беру және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны беру тәртібі мен процесі осы Қағиданың 3-тарауымен регламенттелген.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы ЭЦҚ арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне қол қояды.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 4-2-тармақпен толықтырылсын:

"4-2. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес

келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

1)-3) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы анықталған кемшіліктер тоқтата тұру мерзімі шегінде жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры анықталғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда – анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады."

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтата:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әрекеті деп төтенше жағдайдың енгізілуі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "цифрлық үкіметтің": www.egov.kz (бұдан әрі – портал) веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға көрсетілетін қызметті алушының № 2 Тізбенің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасымен көрсетілетін қызметті берушіге өтініші негіз болып табылады.

Көрсетілген қызметті алушы қолданылуы мерзімі өткен құжаттарды ұсынған, сондай-ақ осы Қағидалардың 9-1-тармағына сәйкес бұзушылықтарды жоймаған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық зерттеп-қарау бөлімі архивінің қызметкері түгендеу істерін іздестіруді және жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы телнұсқа беруден бас тарту үшін негіз болмаған жағдайда, жылжымайтын мүлік объектісің кадастрлық паспортын түгендеу ісінен көшірмесін шығарады, басшылыққа қол қою үшін жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы одан әрі мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне ЭЦҚ пайдалана отырып қол қояды.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 2-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-

тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

1)-3) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы анықталған кемшіліктер тоқтата тұру мерзімі шегінде жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры анықталғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда – анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әрекеті деп төтенше жағдайдың енгізілуі , табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда.";

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы тізбеге 34-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы тізбеге 35-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы тізбеге 36-қосымшаға сәйкес 2-1-қосымшамен толықтырылсын;

осы тізбеге 37-қосымшаға сәйкес 2-2-қосымшамен толықтырылсын.

9. "Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 24 тамыздағы № 241 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4945 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген қауымдастық объектісін мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне автоматтандырылған қол қою – барлық қажетті деректер мен растауларды цифрлық объектілер мен жүйелерден алу шартымен қызмет көрсетушінің қатысуынсыз мемлекеттік қызмет көрсетудің электрондық нәтижесіне электрондық цифрлық қолтаңбаны автоматтандырылған түрде қою.";

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 15-2-тармақпен толықтырылсын:

"15-2. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

1)-3) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры анықталғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда – анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әрекеті деп төтенше жағдайдың енгізілуі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын

мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда.";

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы тізбеге 38-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы тізбеге 39-қосымшаға сәйкес 2-1-қосымшамен толықтырылсын.

10. "Жоғалған немесе бүлінген құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру және түпнұсқасының (куәландырылған көшірмесінің) күшін жою қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 24 тамыздағы № 244 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4939 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғалған немесе бүлінген құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру және түпнұсқасының (куәландырылған көшірмесінің) күшін жою қағидаларында:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне автоматтандырылған қол қою – барлық қажетті деректер мен растауларды цифрлық объектілер мен жүйелерден алу шартымен қызмет көрсетушінің қатысуынсыз мемлекеттік қызмет көрсетудің электрондық нәтижесіне электрондық цифрлық қолтаңбаны автоматтандырылған түрде қою.";

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті

алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

1)-3) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы анықталған кемшіліктер тоқтата тұру мерзімі шегінде жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры анықталғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда – анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтініш хаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әрекеті деп төтенше жағдайдың енгізілуі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда.";

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы тізбеге 40-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы тізбеге 41-қосымшаға сәйкес 3-1-қосымшамен толықтырылсын.

11. "Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 22 ақпандағы № 14 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 913 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы нұсқаулықта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне автоматтандырылған қол қою – қажетті барлық деректер мен растаулар цифрлық объектілерден және жүйелерден алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз мемлекеттік көрсетілетін қызметтің электрондық нәтижесіне электрондық цифрлық қолтаңбаны автоматтандырылған түрде қою.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 5-2-тармақпен толықтырылсын:

"5-2. Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес қызмет алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) мемлекеттік корпорацияның сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде белгіленген тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған жалпы мерзімге енгізілмейтін және одан аспауға тиіс мерзім белгіленеді. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті және құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесін тоқтата тұру туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар, сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

1)-3) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті адамның құқықтық мирасқоры анықталғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда – анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында белгіленген тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әрекеті деп төтенше жағдайдың енгізілуі , табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын

мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын алуға өтінішті және жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік үшін төлем жасалғанын растайтын құжатты ұсынады.";

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы тізбеге 42-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы тізбеге 43-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы тізбеге 44-қосымшаға сәйкес 2-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымша осы тізбеге 45-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 9-қосымша осы тізбеге 46-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 10-қосымша осы тізбеге 47-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

12. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 27 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20610 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне автоматтандырылған қол қою – барлық қажетті деректер мен растауларды цифрлық объектілер мен жүйелерден алу шартымен көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз мемлекеттік қызметтің электрондық нәтижесіне электрондық цифрлық қолтаңбаны автоматтандырылған түрде қою.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда көрсетілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі цифрлық объектілерден және цифрлық жүйелерден барлық қажетті деректер мен растаулар алынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз электрондық цифрлық қолтаңбаны қою арқылы автоматтандырылған режимде қол қойылуы мүмкін.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері жеке басын куәландыратын құжатты не көрсетілетін қызметті алушының цифрлық құжаттамалары сервисінен цифрлық құжатты мемлекеттік цифрлық жүйелердегі көрсетілген мәліметтермен тексереді (сәйкестендіру үшін).

Құқық белгілейтін құжатта көрсетілген жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжай мәліметтері жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесінде қамтылған мекенжай мәліметтерімен сәйкес келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері мекенжайдың тіркеу коды бойынша жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын нақтылайды.

Егер мәмілені нотариат куәландырмаса, онда тіркеуші орган мәмілені жасаған адамдардың (олардың уәкілетті өкілдерінің) қолының төлнұсқалығын, олардың әрекет қабілеттілігін (құқық қабілеттілігін), сондай-ақ олардың ерік білдіруіне сәйкестігін тексеруге міндетті.

Мәмілені жасаған қол қоюшылардың (олардың уәкілетті өкілдерінің) түпнұсқалығын, олардың әрекет қабілеттілігін (құқық қабілеттілігін), сондай-ақ олардың ерік білдіруіне сәйкестігін тексеру рәсімінің аяқталуын растау көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің шартқа белгі қоюы және қол қоюы болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы анықталған кемшіліктерді жоймаған және (немесе) жетіспейтін құжаттарды осы Қағидалардың 4-1-тармағына сәйкес мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұру кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті қарауды тоқтату туралы өтінішхатпен жүгіне алады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушы өтінішхатты көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетілетін қызметті алушының жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша береді.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес қызмет алушы құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) мемлекеттік корпорацияның сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде белгіленген тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған жалпы мерзімге енгізілмейтін және одан аспауға тиіс мерзім белгіленеді. Атап айтқанда, тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағына сәйкес келуге тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті және құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 4-2-тармақпен толықтырылсын:

"4-2. Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша мемлекеттік қызметті көрсету кезінде, оның ішінде цифрлық форматта және (немесе) жеделдетілген тәртіппен, Қазақстан Республикасының Үкіметі орталық мемлекеттік органдардың арасынан айқындайтын уәкілетті органның шешімімен бекітілетін бағалар прейскурантына сәйкес жеделдетіп қызмет көрсеткені үшін көрсетілетін қызметті алушыдан ақы алуға құқылы.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті тоқтата тұру бір айдан аспайтын мерзімге мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1) сотқа берілген талап-арыздар мен өзге де өтініштер (шағымдар) негізінде соттың қаулысы (ұйғарымы) бойынша;

2) прокурорлық қадағалау актілеріне сәйкес заңның бұзылуы жойылғанға дейін;

3) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес;

4) егер қажетті құжаттардың болмауы тіркеуге құжаттарды қабылдаудан бас тарту үшін негіздер болып табылмаса, өтініш берушінің осы Заңның 21-бабына сәйкес мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынуы үшін;

5) мемлекеттік органдардан, егер көрсетілген мән-жайлар құжаттарды тіркеуге қабылдаудан бас тарту үшін негіздер болып табылмаса, осындай органдардан шығатын

құжаттарда ақпараттың болмауына немесе осы құжаттарда белгілі бір қарама-қайшылықтардың болуына байланысты түсініктемелер алу немесе қажетті ақпаратты талап ету үшін;

6) құқық белгілейтін құжаттардың негізінде белгіленетін тіркеу объектісінің және өтініште көрсетілген тіркеу объектісінің сәйкессіздігі кезінде олардың арасындағы қайшылықтарды жою үшін;

7) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы толық төленбеген кезде;

8) егер құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне келіп түскен сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төлеу туралы немесе адамды төлемнен босату туралы растау келіп түспесе.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтатады:

9) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

10) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

11) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда.

9)-10) тармақшаларда берілген ақпарат мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерін интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсуге тиіс.

9)-11) тармақшаларды тоқтата тұру мерзімдері Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 5-тармағында көрсетілген мерзімдерден аспауға тиіс.

Цифрлық тіркеу осы тармақтың 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген негіздерінде тоқтатылмайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру кезінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға тоқтата тұрудың себептері мен мерзімдерін, құжаттың күні мен тіркеу нөмірін көрсете отырып хабарлама жібереді.

Мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұру туралы шешімді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік тіркеуге құжаттарды қабылдаған кезден бастап құжат берілген кезге дейін, бірақ мемлекеттік тіркеу мерзімінің өтуінен кешіктірмей қабылдауы мүмкін.";

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымша осы тізбеге 48-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы тізбеге 49-қосымшаға сәйкес 4-1-қосымшамен толықтырылсын.

Тізбеге 1-қосымша
Азаматтық хал актілерін
мемлекеттік тіркеу, азаматтық
хал актілері жазбаларына
өзгерістер енгізу, қалпына
келтіру, жоюды ұйымдастыру
Қағидаларына
2-1-қосымша
Нысан

Мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы ХАБАРЛАМА

№ ____ от "_" _____ 20 жыл

Құрметті _____!

"_____"

мемлекеттік қызмет

(мемлекеттік қызметтің атауы)

көрсетуге берген "_" _____ 20 жылғы тіркелген № _____ Сіздің өтінішіңіз қаралды.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 18-2 бапқа сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатылды.

Қызмет көрсетуді тоқтата тұрудың негізі

(қажеттісін белгілеу қажет):

Азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) жағдайда.

Азаматты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мемлекеттік органдардың, соттың қарауындағы немесе өзге де мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті көрсету мүмкін болмаған жағдайда.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателердің немесе дәлсіздіктердің анықталуы, олардың нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеуі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін

айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасының ұсынылмауы немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті көрсету қағидаларының талаптарының сақталмауы.

Тоқтата тұрудың себебі

(қызмет берушімен толтырылады):

_____

_____

_____

Тоқтата тұру себебін жою мерзімі "_" _____ 20 жылға дейін

Тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылмаған жағдайда өтініш қарауға қабылданбаған болып есептеледі.

Қызмет беруші _____

Лауазымы: _____

Т.А.Ә.А._____

Қолы: _____

М.П. (болған жағдайда)

Тізбеге 2-қосымша
Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, жоюды ұйымдастыру Қағидаларына
4-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу
2	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"АХАТ тіркеуші орган (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса):	1. Бала тууды тіркеу; 2. Туу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу.
		1) көрсетілетін қызметті беруші: Бала тууды тіркеу; Туу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу. 2) Мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО):

4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	Туу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу. 3) портал арқылы: Бала тууды тіркеу; Туу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу. 4) портал: Бала тууды тіркеу.
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға (ХҚКО) құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап: тууды тіркеу үшін-2 (екі) жұмыс күні; әке болуды анықтау немесе ұл (қыз) асырап алу кезінде өзгерістер , толықтырулар енгізу - 1 (бір) жұмыс күні; азаматтық хал акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу - 5 (бес) жұмыс күні; АХАЖ ЦЖ-де акт жазба болмаған кезде қызмет көрсету мерзімі күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыны хабардар ете отырып, күнтізбелік 15 (он бес) күн; портал арқылы берген кезде - өтінішті қабылдауды растау туралы хабарлама 1 (бір) жұмыс күні ішінде жеке кабинетке жіберіледі; Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-20 (жиырма) минут. Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Цифрлық (ішінара цифрландырылған): Бала тууды тіркеу; Туу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу. Қағаз түрінде: Бала тууды тіркеу;

		Туу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу. проактивті: Бала тууды тіркеу. композиттік тәртіпте көрсетілетін: Бала тууды тіркеу.
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	1) туу туралы куәлік, өзгерістер, толықтырулар және түзетулер енгізілген туу туралы қайталама куәлік; 2) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде, цифрлы түрде, цифрлық құжаттар сервисінде қалыптастырылған цифрлық құжат.
		1. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу қызметтері үшін ақы төлеу құны Кодекстің 182- бабының 1-тармағына сәйкес алынады; 2. Кодекстің 182-бабының 2-тармағына сәйкес азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу қызметтерін көрсеткені үшін ақы төлеуден растайтын құжаттар ұсынылған кезде босатылады: 1) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркегені және азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамаларды бергені үшін – растайтын құжаттарды көрсеткен кезде Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (

8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ бала кезінен мүгедектігі бар адамның, мүгедектігі бар баланың ата-анасының бірі, қорғаншылар (қамқоршылар); 2) туу туралы қайталама куәліктерді бергені үшін – мемлекеттік ұйымдар; 3) баланың тууын мемлекеттік тіркегені және туу туралы куәлікті бергені үшін – жеке тұлғалар; 4) қайтыс болуды мемлекеттік тіркегені және қайтыс болу туралы куәліктерді, қайталама куәліктерді, анықтамаларды және хабарламаларды бергені үшін – жеке тұлғалар; 5) азаматтық хал актілерінің күшін жойғаны үшін – жеке тұлғалар; 6) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу кезінде жіберілген қателерге байланысты азаматтық хал актілерінің жазбалары өзгертілген, толықтырылған, қалпына келтірілген және түзетілген кезде оларға куәліктерді бергені үшін – жеке тұлғалар; 7) әке болуды анықтауға, Қазақстан Республикасы азаматтарының бала асырап алуына байланысты тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбаларына өзгерістер, толықтырулар енгізгені және бала асырап алу мен әке болуды анықтауға байланысты туу туралы қайталама куәліктерді бергені үшін – жеке тұлғалар.
		1) көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш көрсетілетін

9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс графигі	қызметті берушінің жұмыс күні аяқталғанға дейін екі сағат бұрын келіп түссе, онда мерзім келесі жұмыс күнінен басталады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі; 2) Мемлекеттік корпорация (ХҚКО) – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады. Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз "электрондық" кезек тәртібімен жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы брондауға болады; 3) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		1. Тууды мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі: 1) осы Қағидаларға 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша туу туралы өтініш; 2) ата-анасының немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша өкілінің жеке басты куәландыратын құжаты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін); 3) ата-анасының неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы

		куәлігінің көшірмесі (акт Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген кезде және АХАЖ ЦЖ мәліметтер болмаған жағдайда); 4) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат; Шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар қосымша: Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын ұсынады; Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ азамат азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігін ұсынады; Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлға азаматы болып табылатын елдің немесе азаматтығы жоқ тұлғаның тұрақты тұратын мемлекетінің құзыретті органдары берген оның жеке басын куәландыратын құжаты және олардың мәтінінің қазақ немесе орыс тіліндегі нотариалды түрде куәландырған аудармасын ұсынады. Шетел азаматының, азаматтығы жоқ тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарының мәтіні аудармасының дұрыстығы шетел азаматы болып табылатын мемлекеттің немесе азаматтығы жоқ тұлға тұрақты тұратын мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінде немесе консулдық мекемесінде не сыртқы саяси ведомствосында куәландырылуы мүмкін. Бір жасқа толған және одан да асқан баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке қосымша туу туралы медициналық куәлік (ол электрондық түрде болмаған жағдайда) қоса беріледі. Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған кәмелетке толмаған

		баланың тууын мемлекеттік тіркеу келесі құжаттардың бірін ұсынған кезде жүргізіледі: 1) туу туралы куәліктің түпнұсқасы; 2) туу туралы акт жазбасының көшірмесі; 3) туу туралы медициналық куәліктің түпнұсқасы. Шет мемлекеттердің құзыретті органдары тіркеген азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің көшірмелері, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, консулдық заңдастырудан өткізіліп немесе "Апостиль" мөртабанымен куәландырылып ұсынылады (Минск және Кишинев конвенцияларына қатысушы мемлекеттер үшін талап етілмейді). Құжат сондай-ақ нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен бірге ұсынылады. Порталға жүгінген кезде: 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған немесе ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда, бір реттік парольмен куәландырылған электрондық өтініш; 2) Қазақстан Республикасында тіркелген азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер; 3) ата-анасының Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде берілген, заңдастырылған немесе апостиль мөртабаны бар, орыс немесе мемлекеттік тілге нотариалды куәландырылған аудармасы бар неке (ерлі-зайыптылықты) қию немесе бұзу туралы куәліктердің сканерленген көшірмесі.

		2. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға (ХҚКО) жүгінген кезде туу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу үшін (әке (ана) болуды анықтау, бала асырап алу кезінде өзгерістер, толықтырулар енгізуді қоспағанда)) қажетті құжаттардың тізбесі: 1) осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш; 2) жеке басты куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 3) туу туралы куәлік, жоғалған жағдайда оның жоғалғаны туралы көрсету және азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер; 4) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде берілген, заңдастырылған немесе апостиль мөртабаны бар, нотариалды куәландырылған орыс немесе мемлекеттік тілге аудармасы бар, туу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу қажеттігін растайтын азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің көшірмелері; 5) өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу қажеттігін растайтын құжаттар туралы мәліметтер (ҚР аумағында тіркелген азаматтық хал актілері туралы мәліметтер, өзгерістер, түзетулер, толықтырулар енгізу туралы, заңды фактіні және т. б. анықтау туралы сот шешімі жөнінде мәліметтер); 6) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу қызметтері үшін төлемді растайтын құжат немесе Кодекстің 182-бабының 2-тармағына сәйкес төлемнен босату үшін негіз болып табылатын құжат (оны төлеу қажет болған жағдайда);

10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	7) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде туу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу үшін қажетті құжаттардың тізбесі: 1) осы Қағидаларға 9, 10, 11, 12, 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әке (ана) болуды анықтау туралы, өзін баланың әкесі деп танитын адамның өтініші бойынша әке (ана) болуды анықтау туралы, сот шешімі бойынша әке (ана) болуды анықтау туралы, бала асырап алу туралы, өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш (өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу негізіне байланысты); 2) жеке басты куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 3) туу туралы куәлік, жоғалған жағдайда оның жоғалғаны туралы көрсету және азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер; 4) өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу қажеттігін растайтын құжаттар туралы мәліметтер (бала асырап алу, әке болуды анықтау туралы сот шешімі туралы мәліметтер; бала асырап алудың күшін жою немесе жарамсыз деп тану туралы сот шешімі туралы мәліметтер; әке болуды анықтау кезінде әкесінің өтінішінде көрсетілген негіздемеге байланысты анасының болмау мән-жайын растайтын құжаттар: анасының қайтыс болуы туралы азаматтық хал актілерін тіркеу туралы мәліметтер (Қазақстан Республикасының аумағында); анасын әрекетке қабілетсіз деп тану туралы, оны қайтыс болды деп жариялау

8	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Қазақстан Республикасы Салық кодексі 667-бабы 3-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әрбір құжат үшін Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға апостиль қойғаны үшін - 0,5 АЕК
9	Көрсетілетін қызмет берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық обьектілердің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін, сағат 12.00-ден 13.30-ға дейін түскі үзіліс 2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні мереке және демалыс күндерінен басқа, сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін; Қабылдау "электрондық" кезек тәртібімен, апостиль қоюға жататын құжаттар - Мемлекеттік корпорацияның кез келген филиалында экстерриториалдық қағидат бойынша (құжатты беру орнына қарамастан) жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы брондауға болады; 3) порталда-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік

		бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		Мемлекеттік корпорация: 1) Қағидаларға 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша апостиль қоюға өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 3) апостиль қоюға жататын құжат (құжаттар түпнұсқаларда да, нотариалды куәландырылған көшірмелерде де апостиль қою үшін қабылданады); 4) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат; 5) көрсетілетін қызметті алушының өкілі (жеке тұлға) жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат); заңды тұлға атынан өкілі жүгінген кезде заңды тұлғаның басшысының немесе құрылтай құжаттарымен уәкілетті өзге де тұлғаның қолы қойылған және осы ұйымның мөрімен (бар болса) расталған сенімхат; Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не оған арнайы уәкілетті тұлға өз құзыреті шегінде берген немесе куәландырған және белгіленген нысан бойынша шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген сенімхаттар арнайы куәлік (заңдастыру не апостильдеу) рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады (көшірмесімен сәйкестендіру үшін); 6) басқа мемлекеттік органдар берген құжаттардың қолының және мөр бедерінің үлгісі. Портал арқылы жүгінген кезде: 1) ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік

		жазбасына қосқан жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық өтініш; 2) апостиль қоюға жататын құжат сканерленген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі; 3) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат 4) көрсетілетін қызметті алушының өкілі (жеке тұлға) жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат);
10	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін қажетті құжаттардың және көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін мәліметтердің тізбесі және оның кіші түрлері (болған жағдайда)	заңды тұлға атынан өкілі жүгінген кезде заңды тұлғаның басшысының немесе құрылтай құжаттарымен уәкілетті өзге де тұлғаның қолы қойылған және осы ұйымның мөрімен (бар болса) расталған сенімхат. Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не оған арнайы уәкілетті тұлға өз құзыреті шегінде берген немесе куәландырған және белгіленген нысан бойынша шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген сенімхаттар арнайы куәлік (заңдастыру не апостильдеу) рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады (көшірмесімен сәйкестендіру үшін); 4) басқа да мемлекеттік органдар берген құжаттарға қол қоюдың және мөр бедерінің үлгісі. Көрсетілетін қызметті алушының сауалнамалық деректері өзгерген жағдайда растайтын құжаттар қоса беріледі (шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не оған арнайы уәкілетті тұлға өз құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген немесе куәландырған, арнайы куәлік (заңдастыру не апостильдеу) рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады. Мұрагерлер жүгінген кезде растайтын құжаттар ұсынылады. Қызметті берушілер цифрлық құжаттарды цифрлық құжаттар

		сервисінен іске асырылған интеграция арқылы, пайдаланушының порталда тіркелген ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы порталдың хабарламасына бір реттік құпиясөз беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жолдау арқылы ұсынылған келісімі болған жағдайда алады. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттары туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының бюджетке баж сомасын төлегенін растайтын құжатты (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.
11	Қазақстан Республикасының заңда белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту негіздері және оның кіші түрлері (болған жағдайда)	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы;

		4) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін анықталған кемшіліктерді жоймауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер белгіленуі мүмкін.
12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Денсаулығы бұзылған, ағза функцияларының тұрақты бұзылуымен тыныс-тіршілігі шектелген мемлекеттік қызметті алушыға қажет болған жағдайда Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері тұрғылықты жеріне барып, Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы жүгіну арқылы жүргізеді. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің және Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде бірыңғай байланыс орталығы арқылы 1414, 8 800 080 7777 алады. Цифрлық құжаттар сервисі мобилді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік паролді пайдалана отырып,

		мобилді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі " Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.

Тізбеге 11 - қосымша
"Қазақстан Республикасының әділет органдарынан, азаматтық азаматтық хал актілерін тіркеу және өзге де мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидасына
5-қосымша
Нысан

Мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы ХАБАРЛАМА

№ ____ от "_" _____ 20 жыл

Құрметті _____!

"_____"

мемлекеттік қызмет

(мемлекеттік қызметтің атауы)

көрсетуге берген "_" _____ 20 жылғы тіркелген № _____ Сіздің өтінішіңіз қаралды.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 18-2 бапқа сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатылды.

Қызмет көрсетуді тоқтата тұрудың негізі

(қажеттісін белгілеу қажет):

Азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) жағдайда.

Азаматты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мемлекеттік органдардың, соттың қарауындағы немесе өзге де мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызметті көрсету мүмкін болмаған жағдайда.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателердің немесе дәлсіздіктердің анықталуы, олардың нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеуі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасының ұсынылмауы немесе көрсетілетін қызметті көрсету қағидаларының талаптарының сақталмауы.

Тоқтата тұрудың себебі

(қызмет берушімен толтырылады):

_____

_____

_____

Тоқтата тұру себебін жою мерзімі "_" _____ 20 жылға дейін

Тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылмаған жағдайда өтініш қарауға қабылданбаған болып есептеледі.

Қызмет беруші _____

Лауазымы: _____

Т.А.Ә.А._____

Қолы: _____

М.П. (болған жағдайда)

Тізбеге 11 - қосымша
"Қазақстан Республикасының
әділет органдарынан,
азаматтық азаматтық хал
актілерін тіркеу және өзге де
мемлекеттік органдарынан,
сондай-ақ нотариустардан
шығатын ресми құжаттарға
апостиль қою" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидасына
5-қосымша
Нысан

Мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы ХАБАРЛАМА

№ ____ от "_" _____ 20 жыл

Құрметті _____!

"_____"

мемлекеттік қызмет

(мемлекеттік қызметтің атауы)

көрсетуге берген "_" _____ 20 жылғы тіркелген № _____ Сіздің өтінішіңіз қаралды.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 18-2 бапқа сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатылды.

Қызмет көрсетуді тоқтата тұрудың негізі

(қажеттісін белгілеу қажет):

Азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) жағдайда.

Азаматты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мемлекеттік органдардың, соттың қарауындағы немесе өзге де мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызметті көрсету мүмкін болмаған жағдайда.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателердің немесе дәлсіздіктердің анықталуы, олардың нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеуі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасының ұсынылмауы немесе көрсетілетін қызметті көрсету қағидаларының талаптарының сақталмауы.

Тоқтата тұрудың себебі

(қызмет берушімен толтырылады):

_____

_____

_____

Тоқтата тұру себебін жою мерзімі "_" _____ 20 жылға дейін

Тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылмаған жағдайда өтініш қарауға қабылданбаған болып есептеледі.

Қызмет беруші _____

Лауазымы: _____

Т.А.Ә.А._____

Қолы: _____

М.П. (болған жағдайда)

Тізбеге 11 - қосымша
"Қазақстан Республикасының
әділет органдарынан,
азаматтық азаматтық хал
актілерін тіркеу және өзге де
мемлекеттік органдарынан,
сондай-ақ нотариустардан
шығатын ресми құжаттарға
апостиль қою" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидасына
5-қосымша
Нысан

Мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы ХАБАРЛАМА

№ ____ от "_" _____ 20 жыл

Құрметті _____!

"_____"

мемлекеттік қызмет

(мемлекеттік қызметтің атауы)

көрсетуге берген "_" _____ 20 жылғы тіркелген № _____ Сіздің өтінішіңіз қаралды.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 18-2 бапқа сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатылды.

Қызмет көрсетуді тоқтата тұрудың негізі

(қажеттісін белгілеу қажет):

Азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) жағдайда.

Азаматты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мемлекеттік органдардың, соттың қарауындағы немесе өзге де мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызметті көрсету мүмкін болмаған жағдайда.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателердің немесе дәлсіздіктердің анықталуы, олардың нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеуі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасының ұсынылмауы немесе көрсетілетін қызметті көрсету қағидаларының талаптарының сақталмауы.

Тоқтата тұрудың себебі

(қызмет берушімен толтырылады):

_____

_____

_____

Тоқтата тұру себебін жою мерзімі "_" _____ 20 жылға дейін

Тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылмаған жағдайда өтініш қарауға қабылданбаған болып есептеледі.

Қызмет беруші _____

Лауазымы: _____

Т.А.Ә.А._____

Қолы: _____

М.П. (болған жағдайда)

Тізбеге 12-қосымша

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік

тіркеу, олардың филиалдары
мен өкілдіктерін есептік
тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
9-1-қосымша
Нысан

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы ХАБАРЛАМА

№ ____ "____" _____ 20 жыл

Құрметті _____!

Сіздің

"_____"

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы)

мемлекеттік қызметін көрсетуге арналған, № _____ "____" _____ 20 жылы тіркелген өтінішіңіз қаралды.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатылды.

Тоқтата тұру негізі

(қажеттісін белгілеу):

азаматтың қайтыс болуы (оның ішінде қайтыс болды деп жариялануы) немесе заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы, таратылуы, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен азаматтың әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылуы;

мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметті мемлекеттік органдар, сот немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін көрсету мүмкін еместігі.

көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателердің немесе дәлсіздіктердің анықталуы, олардың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасының толық ұсынылмауы және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметті көрсету қағидаларына сәйкес келмеуі.

Тоқтата тұру себебі

(көрсетілетін қызметті беруші толтырады):

_____

_____

Тоқтата тұру себептерін жою мерзімі: "_" _____ 20 жылға дейін.

Тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылмаған жағдайда, өтініш қарауға қабылданбаған болып есептеледі.

Көрсетілетін қызметті беруші: _____

Лауазымы: _____

Т.А.Ә.: _____

Қолы: _____

М.О. (бар болған жағдайда)

Тізбеге 13-қосымша
"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына
8-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу
2	Қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Комитет), аумақтық әділет органдары, Мемлекеттік корпорация
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса):	1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін-мемлекеттік тіркеу турлы өтініш. 2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу. 3. Коммерциялық емес заңды тұлғаларды (саяси партияларды, діни бірлестіктерді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін) тіркеу. 4. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу.
4		1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеу- " цифрлық үкіметтің" веб-порталы, сондай-ақ өзге де цифрландыру объектілері; 2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу - Мемлекеттік корпорация, "цифрлық үкіметтің" веб-порталы, сондай-ақ өзге де цифрландыру объектілері;

	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	3. Коммерциялық емес заңды тұлғаларды (саяси партияларды, діни бірлестіктерді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін) тіркеу - Мемлекеттік корпорация, "цифрлық үкіметтің" веб-порталы, сондай-ақ өзге де цифрлық объектілері.
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеу - порталда, акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу өтініш берілген кезден бастап 1 жұмыс күн ішінде көрсетіледі. 2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу-коммерциялық заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Ұлттық тізілімдер Заңы) сәйкес сәйкестендіру нөмірлері жоқ шетелдік тұлғалар қатысатын олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу өтініш берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. 3. Саяси партияларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаларды, сондай-ақ саяси партияларды қоспағанда қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдарын (өкілдіктерін), сондай-ақ филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу шетелдік коммерциялық емес ұйымдар бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс, қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейінгі келесі күні. 4. Саяси партияларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу қажетті құжаттарды

		қоса бере отырып, өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей жүргізілуге тиіс. 5. Республикалық және өңірлік мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктердің, оның ішінде шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін 5 жұмыс күннен кешіктірмей жүргізіледі, көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жері бойынша қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жерінен тыс 10 жұмыс күннен кешіктірілмей жүргізіледі. 6. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу Ұлттық тізілімдер туралы Заңға сәйкес сәйкестендіру нөмірлері жоқ шетелдік тұлғалар қатысатын коммерциялық заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу өтініш берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Көрсетілген қызметті алушының көрсетілген қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут; Көрсетілген қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеу туралы өтініш - электронды (ішінара цифрландырылған) композиттік қызметпен көрсетілетін /қағаз түрінде; 2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу - Электронды (ішінара цифрландырылған) композиттік қызметпен көрсетілетін /қағаз түрінде; 3. Коммерциялық емес заңды тұлғаларды (саяси партияларды, діни бірлестіктерді, олардың

		филиалдары мен өкілдіктерін) тіркеу - Электронды (ішінара цифрландырылған) /қағаз түрінде; 4. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу - Электронды (ішінара цифрландырылған) композиттік қызметпен көрсетілетін /қағаз түрінде.
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеу-осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама не көрсетілетін қызметті берушінің электронды құжат түрінде электрондық цифрлық қолтанбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған осы тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы. 2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу - осы Қағидаларға 10 қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, сондай-ақ осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу туралы анықтама (бұдан әрі-анықтама) не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша түрдегі дәлелді бұйрық. 3. Коммерциялық емес заңды тұлғаларды (саяси партияларды, діни бірлестіктерді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін) тіркеу –анықтама немесе осы осы тізімнің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша түрде дәлелді бұйрық. 4. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу - анықтама немесе осы осы тізімнің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту

		туралы жазбаша түрде дәлелді бұйрық.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеу тегін; 2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу – ақылы; 3. Коммерциялық емес заңды тұлғаларды (саяси партияларды, діни бірлестіктерді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін) тіркеу - ақылы; 4. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу – ақылы. Коммерциялық емес ұйымдарды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу бойынша мемлекеттік қызметке ақы төлеу тіркеу алымы белгіленген. Тіркеу алымының сомасы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Салық Кодексімен (бұдан әрі-Кодекс) белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептеледі және салық салу объектісінің тіркелген жері бойынша тиісті құжаттар берілгенге дейін төленеді. Коммерциялық ұйымдарды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Заңның (бұдан әрі-Заң) 10-бабына сәйкес заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу саласындағы тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына сәйкес ақы алынады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салуды портал арқылы берген жағдайда, төлем "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.
		1. Комитет және аумақтық әділет органдары – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда,

		белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 12.00-ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін. Егер мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс күні аяқталғанға дейін екі сағат бұрын мемлекеттік қызмет көрсету туралы өтініш келіп түссе, мерзім келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі. 2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті берушінің/ Мемлекеттік корпорацияның қызмет көрсету шарттары: мемлекеттік қызмет жеделдетіп қызмет көрсетусіз, "электрондық" кезек тәртібімен көрсетіледі, электрондық кезек портал арқылы брондалады. 3. Портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілердің жұмыс графигі	
		Өтініштерді қабылдауды жүзеге асыратын ұйымдар бөлінісінде құжаттар тізбесі, сондай-ақ қызметтердің ішкі түрлері:

		1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеу. Мемлекеттік корпорацияға шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу үшін 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беріледі; Шетелдік қатысуы бар шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы-шетелдік-құрылтайшының паспортының немесе жеке басын куәландыратын басқа құжаттың қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен, сондай-ақ "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес коммерциялық ұйымды Қазақстан Республикасында тіркеу құқығын растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылады; сауда тізілімінен жария етілген үзінді көшірменің немесе құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, нотариалды түрде куәландырған қазақ және орыс тілдеріне аудармасымен басқа да жария етілген құжаттың көшірмесі. 2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін Мемлекеттік корпорацияға 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша өтініштер ұсынылады: заңды тұлғаны, филиалды (өкілдікті) мемлекеттік (есептік)тіркеу туралы өтініш; өз қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерді мемлекеттік тіркеу туралы өтініш; Өз қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш; өз қызметін

		үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын өндірістік кооперативті мемлекеттік тіркеу туралы өтініш; Қағидалардың қосымшаларына сәйкес нысан бойынша орта кәсіпкерлік субъектісін мемлекеттік тіркеу туралы және банктік шот ашу және қызметкерді жазатайым оқиғалардан (заңды тұлғаның құрылтайшысы (құрылтайшылары) қызметті жеке тұлғалармен еңбек қатынастарына түспей жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда) міндетті сақтандыруға өтініш (бұдан әрі – өтініш). Мемлекет қатысатын заңды тұлғалар тізілім ұстаушының белгісі бар өтінішті ұсынады. Сәйкестендіру нөмірлері жоқ тұлғаларды қоспағанда, шетелдік қатысуы бар орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, Заңға сәйкес, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, онда: сауда тізілімінен жария етілген үзінді көшірменің немесе құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, нотариалды түрде куәландырған қазақ және орыс тілдеріне аудармасымен басқа да жария етілген құжаттың көшірмесі; "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеу құқығын растайтын құжаттың, сондай-ақ қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен

		шетелдік құрылтайшының паспортының немесе жеке басын куәландыратын басқа құжаттың көшірмесі қосымша беріледі. Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "цифрлық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру арқылы немесе "цифрлық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен алады. Акционерлік қоғам: өз қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамды қоспағанда, жарғы; құрылтай жиналысының хаттамасы не жалғыз қатысушының шешімі; шағын және орта субъектілерге жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, түбіртек немесе мемлекеттік тіркелгені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын өзге құжат немесе Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат. Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі Мемлекеттік кәсіпорындарды, заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен үлестес тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді монополияға қарсы органның келісімімен тіркеуші орган жүзеге асырады. Сенім серіктестігі: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат. Толық серіктестік: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, Мемлекеттік

		корпорацияға төленгенін растайтын құжат. Өндірістік кооператив: құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімі; жарғы; құрылтай шарты; тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тұрғылықты жері көрсетілген өндірістік кооператив мүшелерінің тізімі; шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат. Тұтыну кооперативі: жарғы; құрылтай шарты; құрылтай жиналысының шешімі; мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат; тұтыну кооперативі азаматтар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұрғылықты жері, ЖСН және азаматтың жеке басын куәландыратын құжаттың деректері көрсетілген осы кооператив мүшелерінің тізімін ұсынады және заңды тұлғалар үшін атаулары, орналасқан жері, банктік деректемелері және бизнес-сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер. Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат. Мемлекеттік кәсіпорын: жарғы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның кәсіпорын

		құру туралы шешімі; шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат. Мемлекеттік мекеме: мемлекеттік мекемені құру туралы шешім; ереже (жарғы); мемлекеттік тіркеу үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат. Тұрғын үй-құрылыс кооперативі: тұрғын үй-құрылыс кооперативін құру туралы шешім; жарғы; мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат; олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұрғылықты жері және ЖСН көрсетілген осы кооперативтер мүшелерінің тізімі. Көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері бірлестігі: жиналыс хаттамасы; мемлекеттік тіркеу үшін бюджетке тіркеу алымының төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат. Пәтер (тұрғын емес үй-жайлар) меншік иелерінің кооперативі: мемлекеттік тіркеу үшін бюджетке тіркеуде алымының төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат. Адвокаттар алқасы: адвокаттар алқасы мүшелерінің құрылтай жиналысы (конференциясы) бекіткен жарғы; уәкілетті органның жарғыны бекіту туралы шешімі; мемлекеттік тіркеу үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат. Нотариаттық палата: нотариаттық палатаның жоғары басқару органы бекіткен жарғы; жоғары басқару органының жарғыны бекіту туралы шешімі; мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат. Қор: жарғы; құрылтай шарты (құрылтайшылар саны біреуден

		көп болған кезде); уәкілетті органның жарғыны бекіту туралы шешімі; алқалы органның (қамқоршылық кеңестің) атқарушы органды тағайындау туралы шешімі; мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат. Қоғамдық бірлестік: құрылтай съезінде (конференцияда, жиналыста) қабылданған жарғы; съездің (конференцияның, жиналыстың) төрағасы мен хатшысы қол қойған жарғыны қабылдаған құрылтай съезінің (конференцияның, жиналыстың) хаттамасы; тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ЖСН, тұрғылықты жері, үй және қызметтік телефондары, жеке қолы көрсетілген қоғамдық бірлестіктің бастамашы-азаматтарының тізімі; қоғамдық бірлестіктің орналасқан жерін растайтын құжат; мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат. Саяси партияларды тіркеу кезінде: 1) тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша өтініш; 2) саяси партияның басшысы қол қойған саяси партияның жарғысы мен бағдарламасы екі данада; 3) саяси партияның құрылтай съезінің (конференциясының) хаттамасы; 4) құрамында кемінде бес мың партия мүшесі болуға тиіс, барлық облыстарда, республикалық маңызы бар қалада және Астанада партияның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) атынан өкілдік ететін, олардың әрқайсысында кемінде екі жүз партия мүшесі бар тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ЖСН, тұрғылықты мекен-жайы көрсетілген партия мүшелерінің тізімдері. 5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгені

		туралы құжат. Саяси партия құру үшін саяси партия құру жөніндегі ұйымдастыру комитеті тіркеуші органға Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, сондай-ақ "Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес саяси партия құру ниеті туралы хабарлама ұсынады: 1) Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық (EXCEL форматында) және қағаз тасығыштарда саяси партия құру жөніндегі азаматтардың бастамашыл тобының тізімі және Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық және қағаз тасығыштарда ұйымдастыру комитетінің мүшелері туралы мәліметтер; 2) ұйымдастыру комитетінің құрылу мақсаты, саяси партияның болжамды атауы, орналасқан жері, ұйымдастыру комитетінің ақшасы мен өзге де мүлкін қалыптастыру мен пайдаланудың болжамды көздері, сондай-ақ ұйымдастыру комитетінің қаражатын қалыптастыру үшін есеп айырысу шотын ашуға және оның қызметін қамтамасыз ету үшін азаматтық-құқықтық шарттар жасасуға уәкілетті ұйымдастыру комитетінің мүшелері туралы мәліметтер көрсетілетін ұйымдастыру комитеті жиналысының хаттамасы ұсынылады. Тіркеуші орган хабарламаны және осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген құжаттарды алған күні ұйымдастыру комитетінің уәкілетті адамына құжаттардың ұсынылғанын растайтын Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылғаны туралы растау береді. Қауымдастық (одақ) нысанындағы дара кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың бірлестігі: жарғы; бірлестіктің барлық

		құрылтайшылары қол қойған құрылтай шарты; заңды тұлға құру туралы уәкілетті органның шешімі; мемлекеттік тіркелгені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат. Аудиторлар палатасы: жарғы; заңды тұлға құру туралы уәкілетті органның шешімі; мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат. Діни бірлестік: діни бірлестіктің басшысы қол қойған діни бірлестіктің жарғысы; құрылтай жиналысының (съездің, конференцияның) хаттамасы; Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық және қағаз жеткізгіштерде құрылатын діни бірлестіктің бастамашы-азаматтарының тізімі; діни бірлестіктің орналасқан жерін растайтын құжат; діннің пайда болу тарихы мен негіздерін ашатын және оған сәйкес діни қызмет туралы мәліметтерді қамтитын баспа діни материалдары; мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат; діни бірлестіктің басшысын сайлау туралы шешім не шетелдік діни орталық басшыны тағайындаған жағдайда уәкілетті органмен келісілгенін растайтын құжат. Өңірлік діни бірлестікті тіркеу кезінде тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша өңірлік діни бірлестіктер құруға бастамашы болған әрбір жергілікті діни бірлестіктерге қатысушылардың тізімі, сондай-ақ олардың жергілікті діни бірлестіктері жарғыларының нотариалды түрде куәландырылған көшірмелері қосымша ұсынылады; республика шегінен тыс жерде басқарушы орталығы бар діни бірлестік қосымша: қазақ және орыс тілдерінде нотариалды түрде

		куәландырылған аудармасымен шетелдік орталық жарғысының көшірмесін ұсынады; діни орталықтың өз елінің заңнамасы бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын тізілімнен үзінді көшірмені немесе басқа құжатты, Діни басқармалар (орталықтар) құрған рухани оқу орындарының, мешіттердің, монастырлардың және өзге де діни бірлестіктердің жарғыларын (ережелерін) осы діни басқармалар (орталықтар) бекітеді; тіркеу үшін діни басқарудың уәкілетті органының (орталықтың) оларды құру туралы шешімі ұсынылады. Мекеме: меншік иесінің мекеме құру туралы шешімі; ереже (жарғы); құрылтай шарты немесе ұқсас келісім (меншік иелері (құрылтайшылар) саны біреуден көп болған кезде); мемлекеттік тіркеу үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат. Бағалаушылар палатасы: жарғы; заңды тұлға құру туралы уәкілетті органның шешімі; мемлекеттік тіркелгені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат. Заң консультанттары палатасы: жарғы; заңды тұлға құру туралы уәкілетті органның шешімі; мемлекеттік тіркелгені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат. Адвокаттық кеңсе: жарғы; заңды тұлғаны құру туралы уәкілетті органның шешімі; заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат. Филиалдарды (өкілдіктерді) есептік тіркеу үшін: қазақстандық

		заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі): өтініш; Өтінішке коммерциялық емес ұйымдарға жататын заңды тұлғалардың филиалын (өкілдігін) есептік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымының төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат немесе коммерциялық ұйымдарға жататын заңды тұлғалардың филиалы (өкілдігі) үшін Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат қоса беріледі. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері), сондай-ақ акционерлік қоғамдар үшін қосымша: заңды тұлға бекіткен қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық нұсқадағы филиал (өкілдік) туралы ереже, Жарғының (Ереженің) көшірмелері және заңды тұлғаның сенімхаты (қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда), филиал (өкілдік) басшысына берілген. Егер заңды тұлғаның басшысы филиалдың (өкілдіктің) басшысы болып табылса, онда тіркеуші органға сенімхат беру талап етілмейді. Филиалды (өкілдікті) құру кезінде мемлекеттік кәсіпорын Ұлттық банктің не мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) филиал (өкілдік) құруға келісімін растайтын құжатты қосымша ұсынады. Шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) : өтініш; заңды тұлғаның органы бекіткен филиал (өкілдік) туралы ереже; нотариалды түрде куәландырылған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен заңды тұлғаның филиал немесе өкілдік басшысына берген сенімхаты; нотариалды түрде куәландырылған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен филиал (өкілдік) құру туралы

10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	заңды тұлғаның шешімі; сауда тізілімінен жария етілген үзінді көшірме немесе Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) ашатын осы субъектінің өз елінің заңнамасы бойынша қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырған аудармасымен заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да жария етілген құжат; қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының көшірмесі; шетелдік коммерциялық емес ұйымның филиалын (өкілдігін) есептік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымының төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат немесе шетелдік коммерциялық ұйымның филиалы (өкілдігі) үшін Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат. Қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін: өтініш; заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімі, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген органның шешімі немесе Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 231-бабында және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекстің 45-бабының 3-тармағында (бұдан әрі - Кодекс) көзделген жағдайларда соттың шешімі; біріктіру, қосылу, қайта құру кезінде-өткізу актісі, бөлу, бөліп шығару кезінде-заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқорлық

		туралы ережелерді және өткізу актісін және бөлу балансын бекіту туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімін көрсете отырып, бөлу балансы; заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы кредиторлардың жазбаша хабарламасын растайтын құжат; коммерциялық емес ұйымға жататын қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның қызметін тоқтатқаны үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат немесе коммерциялық ұйымға жататын қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның қызметін тоқтатқаны үшін Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат. Портал арқылы құжаттарды тапсыру кезінде. Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) банктік шот ашумен және қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырумен (заңды тұлғаның құрылтайшысы (құрылтайшылары) қызметті жеке тұлғалармен еңбек қатынастарына түспей жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда) мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді. Орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) орта кәсіпкерлік субъектісін мемлекеттік тіркеу және банктік шот ашу туралы нысанды толтырады және қызметкерді жазатайым оқиғалардан (заңды тұлғаның құрылтайшысы (құрылтайшылары) қызметті жеке тұлғалармен еңбек қатынастарына түспей жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда) міндетті сақтандыруға Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нотариалды түрде

		куәландырылған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен шетелдік құрылтайшының паспорттының немесе жеке басын куәландыратын басқа құжаттың көшірмесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеу құқығын растайтын құжат; сауда тізілімінен жария етілген үзінді көшірменің немесе құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, нотариалды түрде куәландырған қазақ және орыс тілдеріне аудармасымен басқа да жария етілген құжаттың көшірмесі. Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді (Саяси партиялар мен діни бірлестіктерді қоспағанда) мемлекеттік тіркеу үшін: жарғының (Ереженің) электрондық көшірмесі; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу; қоғамдық бірлестіктің орналасқан жерін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; уәкілетті орган шешімінің электрондық көшірмесі. Акционерлік қоғам үшін: өз қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамды қоспағанда, жарғының электрондық көшірмесі; құрылтай жиналысы хаттамасының электрондық көшірмесі не жалғыз қатысушының шешімі; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу; егер заңды тұлға тиісті тауар нарығында монополиялық жағдайға ие нарық субъектісіне, сондай-ақ акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарға, заңды тұлғаларға және өз

		қызметін тиісті тауар нарығында жүзеге асыратын олармен үлестес тұлғаларға жататын болса, монополияға қарсы органның алдын ала келісімінің электрондық көшірмесі құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағын, тіркеуші орган монополияға қарсы органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады. Сенім серіктестігі үшін: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Толық серіктестік үшін: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Өндірістік кооператив үшін: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН, тұрғылықты жері көрсетілген өндірістік кооператив мүшелері тізімінің электрондық көшірмесі; "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Тұтыну кооперативі үшін: жарғының электрондық көшірмесі ; құрылтай шартының электрондық көшірмесі; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу; азаматтар үшін-тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН және тұрғылықты жері, заңды тұлғалар үшін – орналасқан жері, банктік деректемелері және БСН туралы мәліметтер көрсетілген осы кооператив мүшелері тізімінің электрондық көшірмесі. Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік үшін: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды

		тұлғаларды қоспағанда, "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік үшін: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Мемлекеттік кәсіпорын үшін: жарғының электрондық көшірмесі ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның кәсіпорын құру туралы шешімінің электрондық көшірмесі; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Мемлекеттік мекеме үшін: мемлекеттік мекемені құру туралы шешімнің электрондық көшірмесі; Ереженің (жарғының) электрондық көшірмесі; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Тұрғын үй-құрылыс кооперативі үшін: жарғының электрондық көшірмесі; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу осы кооперативтер мүшелерінің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), тұрғылықты жерін және ЖСН көрсете отырып, олардың тізімінің электрондық көшірмесі. Адвокаттар алқасы үшін: адвокаттар алқасы мүшелерінің құрылтай жиналысы (конференциясы) бекіткен жарғының электрондық көшірмесі ; уәкілетті органның жарғыны бекіту туралы шешімінің электрондық көшірмесі; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Нотариаттық палата үшін: нотариаттық палатаның жоғары басқару органы бекіткен жарғының электрондық көшірмесі ; жарғыны бекіту туралы жоғары басқару органы шешімінің

		электрондық көшірмесі; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Қор үшін: жарғының электрондық көшірмесі; құрылтай шартының электрондық көшірмесі (құрылтайшылар саны біреуден көп болған кезде); уәкілетті органның жарғыны бекіту туралы шешімінің электрондық көшірмесі; алқалы органның (қамқоршылық кеңестің) атқарушы органды тағайындау туралы шешімінің электрондық көшірмесі; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Қоғамдық бірлестік үшін: құрылтай съезінде (конференцияда, жиналыста) қабылданған жарғының электрондық көшірмесі; съездің (конференцияның, жиналыстың)төрағасы мен хатшысы қол қойған жарғыны қабылдаған құрылтай съезі (конференция, жиналыс) хаттамасының электрондық көшірмесі; Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), ЖСН, тұрғылықты жері, үй және қызметтік телефондары, жеке қолы көрсетілген қоғамдық бірлестіктің бастамашысы азаматтар тізімінің электрондық көшірмесі; қоғамдық бірлестіктің орналасқан жерін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері бірлестігі иелерін біріктіру үшін тіркеу цифрландыру объектілерін және " Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорын (бұдан әрі - ЗТ МДҚ) электрондық түрде интеграциялау арқылы жүзеге асырылады. Қауымдастық (одақ) нысанындағы жеке кәсіпкерлерді және (немесе) заңды тұлғаларды біріктіру үшін: жарғының электрондық көшірмесі ; бірлестіктің барлық

		құрылтайшылары қол қойған құрылтай шартының электрондық көшірмесі; уәкілетті органның заңды тұлға құру туралы шешімінің электрондық көшірмесі; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Аудиторлар палатасы үшін: жарғының электрондық көшірмесі ; уәкілетті органның заңды тұлға құру туралы шешімінің электрондық көшірмесі; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Бағалаушылар палатасы үшін: жарғының электрондық көшірмесі ; заңды тұлға құру туралы уәкілетті орган шешімінің электрондық көшірмесі; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Заң консультанттары палатасы үшін: жарғының электрондық көшірмесі; заңды тұлға құру туралы уәкілетті органның шешімінің электрондық көшірмесі ; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Адвокаттық кеңсе үшін: жарғының электрондық көшірмесі ; заңды тұлға құру туралы уәкілетті орган шешімінің электрондық көшірмесі; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін: хабарлама; заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімінің электрондық көшірмесі, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген органның шешімі немесе Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 231-бабында және

		Кодекстің 45-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда сот шешімі беріледі; біріктіру, қосу, қайта құру кезінде-өткізу актісінің электрондық көшірмесі, бөлу, бөліп шығару кезінде-заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқорлық туралы ережелерді және беру актісін және бөлу балансын бекіту туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімін көрсете отырып, бөлу балансының электрондық көшірмесі; заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы кредиторлардың жазбаша хабарламасын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; коммерциялық емес ұйымға жататын қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның қызметін тоқтатқаны үшін "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу немесе коммерциялық ұйымға жататын қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның қызметін тоқтатқаны үшін Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама "жеке кабинетіне" жіберіледі. Заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері жалдау шарты және азаматтық заңнамада көзделген өзге де құжат болып табылады. Егер үй-жайдың иесі жеке тұлға болып табылған жағдайда, жеке тұлғаның заңды тұлғаның орналасқан жері ретінде үй-жай

		беру туралы нотариалды түрде куәландырылған келісімі ұсынылады. Акционерлік қоғамдар мен мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтай құжаттарын қоспағанда, коммерциялық ұйымдарға жататын заңды тұлғалардың құрылтай құжаттары мемлекеттік тіркеу кезінде ұсынылмайды. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың құрылтай құжаттары қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Заңның 6-бабында көзделген жағдайларда, қызметінің мәні қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде Бизнес - сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімі (бұдан әрі-Ұлттық тізілім) электрондық хабарлама арқылы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның рұқсатының болуы туралы мәліметтерді алады. Заңды тұлғаның қазақстандық филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу үшін: есептік тіркеу туралы өтінім беріледі; коммерциялық емес ұйымдарға жататын заңды тұлғалардың филиалын (өкілдігін) есептік тіркегені үшін "цифрлық үкіметтің " төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу немесе коммерциялық ұйымдарға жататын заңды тұлғалардың филиалы (өкілдігі) үшін Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері), сондай-ақ акционерлік қоғамдар үшін заңды тұлға бекіткен филиал (өкілдік) туралы ереженің қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық көшірмесі, жарғының (ереженің) көшірмелері және филиал басшысына берілген заңды тұлғаның (қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда)

		сенімхаты қосымша ұсынылады (өкілдіктер). Филиалды (өкілдікті) құру кезінде мемлекеттік кәсіпорын Ұлттық банктің не мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) филиал (өкілдік) құруға келісімін растайтын құжаттың электрондық көшірмесін қосымша ұсынады; шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі): есептік тіркеу туралы хабарлама; заңды тұлғаның органы бекіткен филиал (өкілдік) туралы ереженің электрондық көшірмесі; нотариалды түрде куәландырылған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен заңды тұлғаның органы филиалдың немесе өкілдіктің басшысына берген сенімхаттың электрондық көшірмесі; заңды тұлғаның филиал (өкілдік) құру туралы шешімінің электрондық көшірмесі) қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырған аудармасымен; сауда тізілімінен жария етілген үзінді көшірменің немесе Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) ашатын осы субъектінің өз елінің заңнамасы бойынша қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да жария етілген құжаттың электрондық көшірмесі; қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының электрондық көшірмесі; шетелдік коммерциялық емес ұйымның филиалын (өкілдігін) есептік тіркегені үшін "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу немесе шетелдік коммерциялық ұйымның

		филиалы (өкілдігі) үшін Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген тіркеу алымын (ЦҮТШ арқылы төлеген жағдайда) төлегенін растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мен Мемлекеттік корпорация қызметкері " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
		1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеу; 2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу; 3. Коммерциялық емес заңды тұлғаларды (саяси партияларды, діни бірлестіктерді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін) тіркеу; 4. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу. 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген заңды тұлғаны құру, тіркеу және қайта ұйымдастыру тәртібінің бұзылуы, құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келмеуі; 2) беру актісі немесе бөлу балансы ұсынылмаған не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқорлығы туралы ережелер болмаған кезде; 3) егер заңды тұлға немесе заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) әрекетсіз заңды тұлға болып табылса; 4) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға әрекетсіз заңды тұлғалардың

		жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылса; 5) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілсе, мыналарды қоспағанда сот шешімі бойынша тәркіленген және (немесе) өндіріп алынған акциялар (жарғылық капиталға қатысу үлестері) ; 6) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылса; 7) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға хабар-ошарсыз кетті деп танылса, қайтыс болды деп жарияланса, қайтыс болды деп тіркелсе не оның мәртебесі айқындалмаса; 8) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190, 216, 218, 218-1, 235-1, 237, 238, 249, 365 баптары бойынша қылмыстары үшін өтелмеген немесе алынбаған соттылығы болса;
11	Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздемелері және оның кіші түрлері (бар болса)	9) егер мемлекеттік тіркеу кезінде заңды тұлғаның құрылтайшысы (жеке тұлғасы және (немесе) заңды тұлғасы), оның құрылтайшылары, заңды тұлғаның басшысы, заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) болып табылатын заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе)

		басшысы атқарушылық іс жүргізу жөніндегі борышкер болып табылатын адамды қоспағанда, атқарушылық құжат бойынша борышкерлер болып табылса мерзімдік төлемдерді өндіріп алу және үш айдан астам мерзімдік өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша берешегі жоқ; 10) жеке басын куәландыратын жоғалған және (немесе) жарамсыз құжаттарды ұсыну; 11) сот актілерінің және сот орындаушылары мен құқық қорғау органдарының қаулыларының (тыйымдарының, қамауға алуларының) болуы; 12) ұсынылмаған: Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеу құқығын растайтын құжаттың, сондай-ақ қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен шетелдік құрылтайшының паспортының немесе жеке басын куәландыратын басқа құжаттың көшірмелері; сауда тізілімінен жария етілген үзінді көшірмесі немесе құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын қазақ және орыс тілдеріне аудармасы нотариалды түрде куәландырылған басқа да жария етілген құжаттың көшірмелері. 13) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы; егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе сот актісінде өзгеше белгіленбесе, тіркеу әрекеттері мемлекеттік қызмет көрсету үшін негіз болған

		мән-жайлар жойылғанға дейін үзіледі, алайда үзіліс мерзімі бір айдан аспайды; Егер бір ай ішінде мерзімнің үзілуіне негіз болған мән-жайлар жойылмаса, сарапшының (маманның) қорытындысын алуды қоспағанда, тіркеу іс-әрекеттерінен бас тартылады. 14) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін анықталған кемшіліктердің жойылмауы.
12	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар, оның ішінде мемлекеттік корпорация арқылы және электрондық нысанда	Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды " 1414", 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну арқылы мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік порольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизациядан өту, одан әрі " цифрлық құжаттар" бөліміне өту және қажетті құжатты таңдау қажет.

		Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Өтініштерді қабылдауды және нәтижелерді беруді жүзеге асыратын өзге де цифрландыру объектілерінің және екінші деңгейдегі банктердің атаулары "электрондық үкіметтің" порталында "Мемлекеттік қызметтер тізілімі" бөлімінде көрсетілген.

Тізбеге 14-қосымша
"Заңды тұлғаларды
Мемлекеттік қайта тіркеу,
олардың филиалдары
мен өкілдіктерін есептік қайта
тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
6-1-қосымша
Нысан

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы ХАБАРЛАМА

№ ____ "____" _____ 20 жыл

Құрметті _____!

Сіздің

"_____"

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы)

мемлекеттік қызметін көрсетуге арналған, № _____ "____" _____ 20 жылы тіркелген өтінішіңіз қаралды.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатылды.

Тоқтата тұру негізі

(қажеттісін белгілеу):

азаматтың қайтыс болуы (оның ішінде қайтыс болды деп жариялануы) немесе заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы, таратылуы, егер көрсетілетін қызметті

алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен азаматтың әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылуы;

мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметті мемлекеттік органдар, сот немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін көрсету мүмкін еместігі.

көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателердің немесе дәлсіздіктердің анықталуы, олардың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасының толық ұсынылмауы және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметті көрсету қағидаларына сәйкес келмеуі.

Тоқтата тұру себебі

(көрсетілетін қызметті беруші толтырады):

_____

_____

_____

Тоқтата тұру себептерін жою мерзімі: "_" _____ 20 жылға дейін.

Тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылмаған жағдайда, өтініш қарауға қабылданбаған болып есептеледі.

Көрсетілетін қызметті беруші: _____

Лауазымы: _____

Т.А.Ә.: _____

Қолы: _____

М.О. (бар болған жағдайда)

Тізбеге 15-қосымша
"Заңды тұлғаларды
мемлекеттік қайта тіркеу,
олардың филиалдары
мен өкілдіктерін есептік қайта
тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
5-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдары

		мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеу
2	Қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Комитет), аумақтық әділет органдары, Мемлекеттік корпорация
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса):	1. Атауын өзгерту. 2. Жарғылық капитал мөлшерін азайту. 3. Қатысушылар (құрылтайшылар) құрамының өзгеруі.
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1. Атауын өзгерту - Мемлекеттік корпорация, "цифрлық үкіметтің" веб-порталы; 2. Жарғылық капиталдың мөлшерін азайту - Мемлекеттік корпорация, "цифрлық үкіметтің" веб-порталы; 3. Қатысушылар (құрылтайшылар) құрамының өзгеруі - Мемлекеттік корпорация, " цифрлық үкіметтің" веб-порталы.
		1. Мемлекеттік корпорацияға: Акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік қайта тіркеу өтініш берілген кезден бастап 1 жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Саяси партияларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын, сондай-ақ заңды тұлғалардың қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдарын (өкілдіктерін), сондай-ақ шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Саяси партияларды мемлекеттік қайта тіркеу және олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен бастап 1 айдан кешіктірілмей жүргізілуге тиіс. Республикалық және өңірлік мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктердің, оның ішінде қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеуді, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуден шығаруды қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жері бойынша 5 жұмыс күннен кешіктірмей жүргізіледі. қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жерінен тыс 10 жұмыс күннен кешіктірілмей жүргізіледі. 2. Порталда – үлгілік филиал және өкілдік болып табылмайтын жарғы негізінде жұмыс істейтін олардың филиалдардың (өкілдіктерінің) акционерлік қоғамдарын қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды және олардың филиалдарын (өкілдіктерін) мемлекеттік қайта тіркеу шетелдік коммерциялық емес заңды тұлғалардың кеңсесі бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады). Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген қызметті берушіге

		құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут; Көрсетілген қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеуі: 1. Атауын өзгерту - электронды (ішінара цифрландырылған)/қағаз түрінде; 2. Жарғылық капиталдың мөлшерін азайту - электронды (ішінара цифрландырылған)/қағаз түрінде; 3. Қатысушылар (құрылтайшылар) құрамының өзгеруі - - электронды (ішінара цифрландырылған)/қағаз түрінде.
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Қағидаларға 7 – қосымшаға сәйкес заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, сондай-ақ осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік қайта тіркеу туралы анықтама (бұдан әрі-анықтама) не осы қағидалардың тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден жазбаша түрде дәлелді бас тарту. Порталда – "жеке кабинетке" берген кезде жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу туралы хабарлама не көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы көрсетілетін қызметті берушінің дәлелді жауабы жіберіледі.
		Коммерциялық емес ұйымдарды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін қайта тіркеу бойынша Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін тіркеу алымы белгіленген.

8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тіркеу алымының сомасы осы Тізбенің 9-қосымшасына сәйкес " Қазақстан Республикасының Салық Кодексімен (бұдан әрі - Кодексі) белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептеледі және салық салу объектісінің тіркелген жері бойынша тиісті құжаттар берілгенге дейін төленеді. Коммерциялық ұйымдарды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін Заңның 10-бабына сәйкес заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу саласындағы тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына сәйкес ақы алынады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салуды портал арқылы берген жағдайда, төлем "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.
	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және	1. Комитет және оның аумақтық әділет органдары – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек Кодексі) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 12.00-ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін. Егер мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс күні аяқталғанға дейін екі сағат бұрын мемлекеттік қызмет көрсету туралы өтініш келіп түссе, мерзім келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі. 2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден

9	цифрлық объектілердің жұмыс графигі	18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет қызметті алушының таңдауы бойынша жеделдетіп қызмет көрсетусіз, "электрондық" кезек тәртібімен көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы броньдау мүмкіндігі бар. 3. портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		1. Мемлекеттік корпорацияға: 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі - өтініш). Қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "цифрлық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "цифрлық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады. Заңды тұлға үлесіне қатысатын мемлекет тізілім ұстаушының белгісі бар өтінішті ұсынады; электрондық өтініш беруді қоспағанда, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді

		көздейтін, заңды тұлғаның уәкілетті органының мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу туралы шешімі не шешімінен үзінді-көшірме. Егер заңды тұлға жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылған жағдайда, онда құжаттарды мөрмен бекемдеу талап етілмейді. Егер қатысушылардың құрамына шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға кірген жағдайда, Заңының 6-1-бабының сегізінші бөлігінде көзделген құжаттар қосымша беріледі; заңды тұлғалар, филиалдарға (өкілдіктерге): өзгерістер мен толықтырулар енгізілген электрондық нұсқада құрылтайшы құжат не жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні; Саяси партиялар мен діни бірлестіктер енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бар құрылтай құжаттарының екі данасын не саяси партиялар мен діни бірлестіктердің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтінін ұсынады; акционерлік қоғамдарға: енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен нотариалды түрде куәландырған жарғы (ереже) не акционерлік қоғамның жарғысына, филиал (өкілдік) туралы ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтінінің бір данасы. Қазақстан Республикасының резидент емес қатысушыларының құрамына сауда тізілімінен жария етілген үзінді көшірменің электрондық көшірмесі немесе құрылтайшы – шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, қазақ және орыс тілдеріндегі нотариалды түрде куәландырған

		басқа да жария етілген құжат енгізілген кезде; Шетелдік тұлғаға қатысушылардың құрамына шетелдік құрылтайшының жеке басын куәландыратын паспорттың немесе басқа құжаттың электрондық көшірмесі енгізілген кезде, егер басшы, енгізілген жаңа қатысушы/құрылтайшы шетелдік тұлға болып табылса, қазақ және орыс тілдеріндегі нотариалды түрде куәландырған аудармасын; коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу немесе оның филиалын (өкілдігін) есептік қайта тіркеу үшін бюджетке тіркеу алымының төленгенін растайтын құжат; коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу немесе оның филиалын (өкілдігін) есептік қайта тіркеу үшін Мемлекеттік корпорацияға төлемді растайтын құжат. Филиалдар мен өкілдіктер атауы өзгерген жағдайда қайта тіркелуге жатады. 2. Порталда: жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды құрылтайшы (құрылтайшылар)мемлекеттік қайта тіркеу үшін: электрондық өтініш; жарғылық капиталдың мөлшері азайтылған және баспа басылымдарында хабарланған кезде басылым туралы қиындының электрондық көшірмесі; егер көрсетілетін қызметті алушы цифрлық үкіметтің төлем шлюзі (бұдан әрі-ЦҮТШ) арқылы қызмет көрсеткені үшін мемлекеттік алымды төлеу тәсілін таңдамаған жағдайда, түбіртектің/төлем тапсырмасының электрондық көшірмесі; орналасқан жері өзгерген кезде: жылжымайтын мүлікке меншік құқығы болған жағдайда;

10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Егер қатысушылардың құрамында шетелдік заңды тұлға болса, онда осы Заңның 6-шы бабының сегізінші бөлігінде көзделген құжаттар қосымша ұсынылады. "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЖБМК) көрсетілетін қызметті алушының бизнес-сәйкестендіру нөміріне тіркелген, көрсетілетін қызметті алушы көрсеткен мекенжай бойынша орналасқан бастапқы немесе кейінгі жылжымайтын мүлік объектісіне меншік құқығы туралы ЖБМК ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық растау; заңды тұлғадан үй-жайды жалға алған жағдайда: жалға алу шартының электрондық көшірмесі . Жеке тұлғадан үй-жайды жалға алған жағдайда: заңды тұлғаның орналасқан жері ретінде үй-жайды беру туралы жеке тұлғаның нотариалды түрде куәландырған келісімінің электрондық көшірмесі; үй-жайды қосалқы жалдау жағдайында: жалдау мен қосалқы жалдаудың электрондық көшірмелері; Қазақстан Республикасының бейрезиденті қатысушыларының құрамына енгізілген кезде сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді көшірменің немесе құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын басқа да заңдастырылған құжаттың қазақ және орыс тілдеріндегі нотариалды түрде куәландырған аудармасымен қоса электрондық көшірмесі; шетелдік тұлға қатысушыларының құрамына шетелдік құрылтайшы паспортының немесе жеке басын куәландыратын басқа құжаттың, егер басшы, енгізілген жаңа қатысушы/құрылтайшы шетелдік тұлға болып табылса, қазақ және орыс тілдеріндегі нотариалды

		түрде куәландырған аудармасы бар электрондық көшірмесін енгізген кезде; Егер қатысушылардың құрамында шетелдік немес шетелдік заңды тұлға болса, онда Заңының 6-1 бабының сегізінші бөлігіне сәйкес қосымша құжаттар беріледі. қатысушылар тізілімін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асыратын акционерлік қоғам немесе шаруашылық жүргізуші серіктестік қатысушылар құрамын өзгерткен кезде тіркеушінің мөрімен куәландырылған қатысушылар тізілімінің электрондық көшірмесі. Электрондық өтінішке көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылады. Егер көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті адамы оның басшысы болып табылмаған жағдайда, онда өтініш басшымен келісіледі. Шаруашылық серіктестіктерді, Акционерлік қоғамдар мен өндірістік кооперативтерді қоспағанда, заңды тұлға үшін электрондық өтініш "цифрлық үкімет" порталында оның қатысушыларымен келісілуге тиіс. Филиал (өкілдік) үшін – оның заңды тұлғасының басшысы. Шаруашылық серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы жүргізетін шаруашылық серіктестіктерді қоспағанда, шаруашылық серіктестіктерді қатысушылар құрамын өзгерту негізінде мемлекеттік қайта тіркеу үшін, Қазақстан Республикасының заңдарына және құрылтай құжаттарына сәйкес шаруашылық серіктестіктен шығатын қатысушының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе

		оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығару (басқаға беру) шартының электрондық көшірмесі ұсынылады. Тарапы жеке тұлға болып табылатын шаруашылық серіктестігінің шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығару (басқаға беру) шартының электрондық көшірмесі нотариаттық куәландырылуға жатады. үлесі Мемлекеттің бар заңды тұлға үшін тізілім ұстаушының белгісі қойылған өтініштің электрондық көшірмесі ұсынылады; заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу туралы шешімнің электрондық көшірмесі не заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімінен үзінді, енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге нотариалды түрде куәландырған жарғының (ереженің) электрондық көшірмесі не акционерлік қоғамның жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні, филиал (өкілдік) туралы ереже; "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу; немесе коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу немесе оның филиалын (өкілдігін) есептік қайта тіркеу үшін Мемлекеттік корпорацияға төлемді растайтын электрондық құжат. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттары туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының аумағында жасалған тіркеу алымын (ЦҮТШ арқылы төлеген жағдайда) төлегенін растайтын құжаттарды көрсетілетін қызметті

		берушң мен Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерге " цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады. Үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің кооперативтері, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің тұтыну кооперативтері үшін: -өтініш; -екі және одан көп кондоминиум объектісінің пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің жиналыстарында ұсынылған өкілдерден тұратын, үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативтерін, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің тұтыну кооперативтерін қайта тіркеу туралы бастамашы топ жиналысының хаттамасын; -заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртекті немесе өзге де құжатты ұсынады.
		1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген заңды тұлғаны құру, қайта тіркеу және қайта ұйымдастыру тәртібінің бұзылуы, құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келмеуі; 2) тапсыру актісі немесе бөлу балансы ұсынылмаған не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқорлығы туралы ережелер болмаған жағдайларда жүзеге асырылады; 3) егер заңды тұлға немесе заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) әрекетсіз заңды тұлға болып табылса; 4) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға әрекетсіз заңды тұлғалардың жалғыз құрылтайшысы (

		қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылса; 5) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілсе; 6) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылса; 7) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға хабар-ошарсыз кетті деп танылса, қайтыс болды деп жарияланса, қайтыс болды деп тіркелсе не оның мәртебесі айқындалмаса; 8) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлғаның Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190, 216, 2 18, 218-1, 235-1, 237, 238, 249, 365 -баптары бойынша қылмыстары үшін жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы болса; 9) егер мемлекеттік тіркеу кезінде заңды тұлғаның құрылтайшысы (жеке тұлғасы және (немесе) заңды тұлғасы), оның құрылтайшылары, заңды тұлғаның басшысы, заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе) құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) болып табылатын заңды тұлғаның басшысы атқарушылық құжат бойынша борышкерлер болып табылса, атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылатын тұлғаны қоспағанда, атқарушылық құжат бойынша үш айдан астам мерзімді өндіріп алу
	Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес мемлекеттік	

11	қызмет көрсетуден бас тарту негіздемелері және оның кіші түрлері (бар болса)	туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша берешегі жоқ мерзімді төлемдерді өндіріп алу туралы; 10) егер мемлекеттік қайта тіркеу кезінде жаңа құрылтайшылар (қатысушылар, мүшелер) және (немесе) үлесті иеліктен шығаратын адамдар мерзімді төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылатын және мерзімді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша үш айдан астам берешегі жоқ адамды қоспағанда, атқарушылық құжат бойынша борышкерлер болып табылса ; 11) жеке басты куәландыратын жоғалған және (немесе) жарамсыз құжаттар ұсынылған; 12) сот актілерінің және сот орындаушылары мен құқық қорғау органдары қаулыларының (тыйым салуларының, тыйым салуларының) болуы; 13) паспорттың немесе қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырған аудармасымен бірге құрылтайшы-шетелдіктің жеке басын куәландыратын басқа құжатты, сондай-ақ "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеу құқығын растайтын құжаттың көшірмелерін; сауда тізілімінен жария етілген үзінді көшірменің немесе қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырған аудармасымен шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатын құрылтайшы-шетелдік заңды тұлғаны куәландыратын басқа жария құжат; 14) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына

		сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы. 15) егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе сот актісінде өзгеше белгіленбесе, тіркеу әрекеттері мерзімнің үзілуіне негіз болған, бірақ бір айдан аспайтын мән-жайлар жойылғанға дейін үзіледі. Егер мерзімді үзуге негіз болған мән-жайлар бір ай ішінде жойылмаса, сарапшының (маманның) қорытындысын алуды қоспағанда, тіркеу іс-әрекеттерінен бас тартылады. 16) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін анықталған кемшіліктердің жойылмауы.
12	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар, оның ішінде мемлекеттік корпорация арқылы және электрондық нысанда	Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өздігінен қозғалуды, бағдар жасауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды "1414", 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы Мемлекеттік корпорация қызметкері тұрақты жеріне бара отырып жүргізеді. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып,

		мобильді қосымшада авторландырудан өту қажет, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинет", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Тізбеге 16-қосымша
"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне
жатпайтын заңды тұлғаның,
сондай-ақ акционерлік
қоғамның құрылтай
құжаттарына, олардың
филиалдары (өкілдіктері)
туралы ережелерге енгізілген
өзгерістер мен толықтыруларды
мемлекеттік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
4-1-қосымша
Нысан

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы ХАБАРЛАМА

№ ____ "____" _____ 20 жыл

Құрметті _____!

Сіздің

"_____"

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы)

мемлекеттік қызметін көрсетуге арналған, № _____ "____" _____ 20 жылы тіркелген өтінішіңіз қаралды.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатылды.

Тоқтата тұру негізі

(қажеттісін белгілеу):

азаматтың қайтыс болуы (оның ішінде қайтыс болды деп жариялануы) немесе заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы, таратылуы, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен азаматтың әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылуы;

мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметті мемлекеттік органдар, сот немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін көрсету мүмкін еместігі.

көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателердің немесе дәлсіздіктердің анықталуы, олардың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасының толық ұсынылмауы және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметті көрсету қағидаларына сәйкес келмеуі.

Тоқтата тұру себебі

(көрсетілетін қызметті беруші толтырады):

_____

_

_____

_

_____

_

Тоқтата тұру себептерін жою мерзімі: "_" _____ 20 жылға дейін.

Тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылмаған жағдайда, өтініш қарауға қабылданбаған болып есептеледі.

Көрсетілетін қызметті беруші: _____

Лауазымы: _____

Т.А.Ә.: _____

Қолы: _____

М.О. (бар болған жағдайда)

Тізбеге 17-қосымша
"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне
жатпайтын заңды тұлғаның,
сондай-ақ акционерлік
қоғамның құрылтай
құжаттарына, олардың
филиалдары (өкілдіктері)
туралы ережелерге енгізілген
өзгерістер мен толықтыруларды
мемлекеттік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін

қызмет қағидаларына
3-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу
2	Қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Комитет), аумақтық әділет органдары, Мемлекеттік корпорация
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса):	1. Орналасқан жерін өзгерткен жағдайда. 2. Жарғы (ереже) жаңа редакцияда қабылданған жағдайда.
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1. Орналасқан жерін өзгерткен жағдайда - Мемлекеттік корпорация, "цифрлық үкіметтің" веб-порталы; 2. Жарғы (ереже) жаңа редакцияда қабылданғанда - Мемлекеттік корпорация, "цифрлық үкіметтің" веб-порталы.
		Орналасқан жерін өзгерткен жағдайда; Жарғы (ереже) жаңа редакцияда қабылданған жағдайда; 1) Мемлекеттік корпорация: Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың, сондай-ақ үлгілік болып табылмайтын жарғының негізінде қызметін жүзеге асыратын акционерлік қоғамдардың құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күнінен кейін бес жұмыс күннен кешіктірмей жүргізіледі. Республикалық және өңірлік мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктердің, оның ішінде шетелдік және халықаралық

5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерінің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды есептік тіркеу қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі. қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жерінен тыс он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. 2) Порталда: Орналасқан жерін өзгерткен жағдайда; заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті берген сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Көрсетілген қызметті алушының көрсетілген қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут; Көрсетілген қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу: 1. Орналасқан жерін өзгерткен жағдайда - электронды (толық цифрландырылған)/ қағаз түрінде; 2. Жарғыны (ережені) жаңа редакцияда қабылдау - электронды (ішінара цифрландырылған)/қағаз түрінде.
		осы Тізбеге 1-2 қосымшаларға сәйкес заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама не осы Тізбесінің 9-тармағында көрсетілген жағдай мен негіздерде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту. Порталға жүгінген кезде, көрсетілетін қызметті алушының "

7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	жеке кабинетіне" электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы ірі және орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғалар үшін мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі не бас тарту туралы жауап жолданады.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілердің жұмыс графигі	1. Комитет және аумақтық әділет органдары – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 12.00-ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін. Егер мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс күні аяқталғанға дейін екі сағат бұрын мемлекеттік қызмет көрсету туралы өтініш келіп түссе, мерзім келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі. 2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады. Қабылдау көрсетілетін қызмет алушының таңдауы бойынша "

		электрондық" кезек тәртібімен көрсетіледі, электрондық кезек портал арқылы брондалуы мүмкін. 3. портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		Мемлекеттік корпорацияда: осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша өтініш; Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "цифрлық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік паролді беру арқылы немесе "цифрлық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады. заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) бекітілген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірме. өзгерістер және толықтырулармен енгізілген электрондық нұсқадағы құрылтайшы құжат не жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) заңды тұлғаның мерімен бекітілген құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні;

10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Саяси партиялар мен діни бірлестіктер енгізілген өзгерістері және толықтырулары мен құрылтай құжаттарының екі данасын не саяси партиялар мен діни бірлестіктердің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтінін ұсынады; енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен нотариалды түрде куәландырған жарғы (ереже) не акционерлік қоғамның жарғысына, филиал (өкілдік) туралы ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтінінің бір данасы. нақты орналасқан жерін (орналасқан жері өзгерген жағдайда) растайтын құжаттар. Егер де ғимараттың иесі өзі заңды тұлға болған жағдайда, орналасқан жерін растайтын құжаттар талап етілмейді. Егер де ғимараттың иесі жеке тұлға болған жағдайда, жеке тұлғаның ғимаратты заңды тұлғаға орналасу жері ретінде бергені туралы нотариалды куәландырған келісімі қажет. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) тіркеу және өзге де мәліметтерге өзгерістер мен толықтырулар хабарлама тәртібі бойынша: Акционерлік қоғамды, филиалды (өкілдікті) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлға орналасқан жерін өзгерту кезінде жылжымайтын мүлік иесінің келісімімен ЭЦҚ арқылы жүзеге асырылады. филиалдың (өкілдіктің) (қатысушыларының, мүшелерінің) құрамын өзгерту кезінде олардың тегі,аты, әкесінің аты (егер ол құжатта көрсетілген болса), күні, айы, туған жылы, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері, байланыс телефоны, жеке қолы көрсетілген коммерциялық емес ұйым құрылтайшыларының (қатысушыларының, мүшелерінің) тізімі қосымша ұсынылады

		"цифрлық үкімет" порталында орналасқан жерін өзгерту кезінде: 1. осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2. нақты орналасқан жері (орналасқан жері өзгерген жағдайда) расталған құжаттың электрондық көшірмесі. Орналасқан жері өзгеретін жағдайда, өкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап бір айдың ішінде құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен қосымшаларды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш беріледі.
11	Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздемелері және оның кіші түрлері (бар болса)	1. заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібінің бұзылуы, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, сондай-ақ " Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабында белгіленген құрылтай құжаттарының (ереженің) келмеуі; 2. жеке басшы куәландыратын жоғалған және (немесе) жарамсыз құжаттарды, сондай-ақ мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған анық емес құжаттарды және (немесе) оларда қамтылған деректерді (мәліметтерді) ұсыну; 3. сот орындаушылардың және құқық қорғау органдарының сот актілері мен қаулыларының (тыйым салуларының, қамауға алуларының), оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы сот шешімдерінің (үкімдерінің), сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты көрсетілетін қызметті алушының арнайы құқықтан айырылуына негіз болған сот шешімдерінің болуы негіз болып табылады;

		4. көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. 5 ."Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін анықталған кемшіліктердің жойылмауы.
12	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар, оның ішінде мемлекеттік корпорация арқылы және электрондық нысанда	Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсету, өздігінен қозғалуды, бағдар жасауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан мүмкіндігі бар көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері "1414", 8 800 080 777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы өтініш жасау арқылы тұрғылықты жеріне барып жүргізеді. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттар сервисі мобилді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік паролді пайдалана отырып, мобилді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі " цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.

		Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Тізбеге 18-қосымша
"Заңды тұлға қызметінің
тоқтатылуын мемлекеттік
тіркеу, филиал мен
өкілдік есептік тіркеуден
шығару" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
3-1-қосымша
нысан

"Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдік есептік тіркеуден шығару" мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы ХАБАРЛАМА

№ ____ "____" _____ 20 жыл

Құрметті _____!

Сіздің

"_____"

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы)

мемлекеттік қызметін көрсетуге арналған, № _____ "____" _____ 20 жылы тіркелген өтінішіңіз қаралды.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатылды.

Тоқтата тұру негізі

(қажеттісін белгілеу):

азаматтың қайтыс болуы (оның ішінде қайтыс болды деп жариялануы) немесе заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы, таратылуы, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен азаматтың әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылуы;

мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметті мемлекеттік органдар, сот немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін көрсету мүмкін еместігі.

көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателердің немесе дәлсіздіктердің анықталуы, олардың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасының толық ұсынылмауы және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметті көрсету қағидаларына сәйкес келмеуі.

Тоқтата тұру себебі

(көрсетілетін қызметті беруші толтырады):

_____

_____

_____

Тоқтата тұру себептерін жою мерзімі: "_" _____ 20 жылға дейін.

Тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылмаған жағдайда, өтініш қарауға қабылданбаған болып есептеледі.

Көрсетілетін қызметті беруші: _____

Лауазымы: _____

Т.А.Ә.: _____

Қолы: _____

М.О. (бар болған жағдайда)

Тізбеге 19-қосымша
"Заңды тұлға қызметінің
тоқтатылуын мемлекеттік
тіркеу, филиал мен
өкілдік есептік тіркеуден
шығару" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару
2	Қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Комитет), аумақтық әділет органдары, Мемлекеттік корпорация

3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса):	1. Заңды тұлғаның қызметі тарату негізі бойынша тоқтатылған; 2. Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын тіркеу арқылы жүзеге асырылады; 3. Қызметті мәжбүрлеу тәртібімен тоқтату органның өтініші бойынша сот тәртібімен жүргізіледі; 4. Заңды тұлғаның таратылғанн растайтын құжаттың көшірмесін беру; 5. Заңды тұлғаны алдағы уақытта тарату туралы өтініштерді қабылдау
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1. Заңды тұлғаның қызметі тарату негізі бойынша тоқтатылған - Мемлекеттік корпорация, " цифрлық үкіметің" веб-порталы; 2. Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын тіркеу арқылы жүзеге асырылады - Мемлекеттік корпорация; 3. Қызметті мәжбүрлеу тәртібімен тоқтату органның өтініші бойынша сот тәртібімен жүргізіледі - Мемлекеттік корпорация.
		Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару қажетті құжаттарды қоса бере отырып, заңды тұлғаны таратуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Заңды тұлғаның, республикалық және өңірлік мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктердің, оның ішінде қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеуді, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуден шығаруды қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен

		кейін көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жері бойынша бес жұмыс күннен кешіктірмей жүргізіледі. қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жерінен тыс он жұмыс күннен кешіктірілмей жүргізіледі. Құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған, оларда кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажет болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша заңды тұлғалардың қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеу, филиалдарды (өкілдіктерді) есептік тіркеуден шығару мерзімі анықталған кемшіліктер жойылғанға немесе тиісті қорытынды (сараптама) алынғанға дейін үзіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін үзуге негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бір айдан аспайтын мерзімге тоқтатады. Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны үзілістің себептері мен мерзімін көрсете отырып хабардар етеді. Мемлекеттік тіркеуге үзіліс жасау туралы шешімді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік тіркеуге құжаттарды қабылдаған сәттен бастап құжатты берген сәтке дейін, бірақ қызмет көрсету мерзімінің өтуінен кешіктірмей қабылдайды. Егер бір ай ішінде тіркеуге үзіліс жасауға негіз болған мән-жайлар жойылмаса, онда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама үзіліс мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей шығарылады. Көрсетілген қызметті алушының көрсетілген қызметті берушіге
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	

		құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут; Көрсетілген қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару: 1. Заңды тұлғаның қызметі тарату негізі бойынша тоқтатылған - электронды (толық цифрландырылған)/ қағаз түрінде; 2. Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын тіркеу арқылы жүзеге асырылады - қағаз түрінде; 3. Қызметті мәжбүрлеу тәртібімен тоқтату органның өтініші бойынша сот тәртібімен жүргізіледі - қағаз түрінде.
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу туралы немесе филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару туралы бұйрық немесе осы қосымшаның 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. Порталда құжаттарды тапсырған кезде – "жеке кабинетке" шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы хабарлама не көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберіледі.
		Коммерциялық емес ұйымдарға мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін тіркеу алымы белгіленген. Тіркеу алымының сомасы Қазақстан Республикасының Салық кодексімен белгіленген осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес ставкалар бойынша есептеледі

8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	және салық салу объектісінің тіркелген жері бойынша тиісті құжаттар берілгенге дейін төленеді. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Заңның 10-бабына сәйкес коммерциялық ұйымдар мен олардың филиалдары мен өкілдіктерінің мемлекеттік қызметін көрсеткені үшін "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Заңның 10-бабына сәйкес заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу саласындағы тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына сәйкес төлем алынады . Мемлекеттік қызмет шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлғаларға ақылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті алуға электрондық сұрау салу портал арқылы берілген жағдайда, төлем "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады. Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерін қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), олардың филиалдары мен өкілдіктерін, республикалық және өңірлік ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестіктердің филиалдарын есептік тіркеуден шығарғаны үшін заңнамаға сәйкес төлеуден босатылады.
		1. Комитет және оның аумақтық әділет органдары – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек Кодексі) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне

9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілердің жұмыс графигі	сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 12.00-ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін. Егер мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс күні аяқталғанға дейін екі сағат бұрын мемлекеттік қызмет көрсету туралы өтініш келіп түссе, мерзім келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі. 2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті берушінің/ Мемлекеттік корпорацияның қызмет көрсету шарттары: мемлекеттік қызмет жеделдетіп қызмет көрсетусіз, "электрондық" кезек тәртібімен көрсетіледі, электрондық кезек портал арқылы брондалады. 3. портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		Мемлекеттік корпорацияға: Заңды тұлғаның қызметі тарату негізі бойынша тоқтату:

		1. осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) қызметінің тоқтатылуын тіркеу туралы өтініш; Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "цифрлық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "цифрлық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады. Үлесіне мемлекет қатысатын заңды тұлға тізілім ұстаушының белгісі бар өтінішті ұсынады. заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не заңды тұлғаның мөрімен бекітілген құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының шешімі. Егер заңды тұлға Жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылса, құжаттарды мөрмен бекіту талап етілмейді. 2. заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не заңды тұлғаның мөрімен бекітілген құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының шешімі. Егер заңды тұлға Жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылса, құжаттарды мөрмен бекіту талап етілмейді; 3. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында заңды тұлғаны тарату, кредиторлардың талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімдері туралы ақпараттың жарияланғанын растайтын құжат; 4. төленгенін растайтын құжат; тіркеу алымының бюджетке

		қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін заңды тұлға болып табылатын коммерциялық емес ұйым; 5. шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына төленгенін растайтын құжат. Заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш заңды тұлғаның таратылуы туралы ақпарат жарияланған күннен бастап екі ай өткеннен кейін тіркеуші органға ұсынылады . Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін сатып алушы: 1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті; 2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органның) мемлекеттік кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы шешімін; 3. мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік кешенін сатып алу-сату шартының көшірмесін; 4. мемлекеттік кәсіпорынның тапсыру актісінің көшірмесін; 5. заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркегені үшін ақы төленгенін растайтын құжатты ұсынады. Қызметті мәжбүрлеу тәртібімен тоқтату органның өтініші бойынша сот тәртібімен жүргізіледі: Өзіне қатысты сот заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату туралы шешім шығарған заңды тұлға қызметінің

		тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу заңды күшіне енген осындай шешім негізінде жүзеге асырылады. Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорынның қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеу үшін сатып алушы мынадай құжаттарды ұсынады: 1. осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік тіркеу туралы өтініш; 2. мемлекеттік кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің (Жергілікті атқарушы органның) шешімі; 3. мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік кешенін сатып алу-сату шартының көшірмесі; 4. мемлекеттік кәсіпорынның тапсыру актісінің көшірмесі; 5. заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркегені үшін төленгенін растайтын құжат. Тіркеуші орган заңды тұлғаны тарату туралы шешімді алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тарату тәртібінің сақталуын тексереді, заңды тұлғаны тарату туралы мәліметтерді бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізеді. Мемлекеттік кіріс органдары бизнес-сәйкестендіру нөмірлері Ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде қызметін тоқтататын заңды тұлға бойынша Мемлекеттік кіріс органдарында есепке алу жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді табыс етеді не мұндай заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндеттемелерді орындамаған жағдайда берешек туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартады, Қазақстан Республикасының Салы

10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	қ Кодексінде және "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады. Егер тексеру процесінде тарату тәртібінің бұзылуы анықталмаса, тіркеуші орган қажетті құжаттарды қоса бере отырып, заңды тұлғаны таратуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркейді. Табиғи монополия субъектісі қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган Табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады. Заңды тұлғаны тарату тәртібінің бұзылуы анықталған кезде, сондай-ақ таратылатын заңды тұлғаның есептік тіркеуден алынбаған филиалдары (өкілдіктері), есепке алу Мемлекеттік кіріс органдарында жүргізілетін берешегі болған не мемлекеттік кіріс органдары берешек туралы көрсетілген мәліметтерді беруден бас тартқан, осындай заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндеттемелерді орындамаған жағдайларда, сондай-ақ таратылатын заңды тұлғаның есептік тіркеуден алынбаған филиалдары (өкілдіктері) мемлекеттік кіріс органдарында есепке алынады, Салық Кодексінде Кодексінде және " Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған жағдайларда тіркеуші орган заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады.

		Филиал (өкілдік) келесілердің негізінде есептік тіркеуден шығарылуы тиіс: 1. осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2. акционерлік қоғамдарды қоспағанда, филиал (өкілдік) туралы ереже; 3. коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару үшін бюджетке тіркеу алымының төленгенін растайтын құжат; 4. коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығарғаны үшін “Азаматтарға арналған үкімет” мемлекеттік корпорациясына төлегенін растайтын құжат. Мемлекеттік кіріс органдары бизнес-сәйкестендіру нөмірлері Ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде қызметін тоқтататын шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) бойынша Мемлекеттік кіріс органдарында есепке алу жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ұсынады не шетелдік заңды тұлғаның мұндай филиалы (өкілдігі) қызметін тоқтататын шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) қызметін тоқтататын филиалы (өкілдігі) бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда берешегі туралы көрсетілген мәліметтерді беруден бас тартады, Салық Кодексінде және “Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы” Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады. Сот борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешім шығарған заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару банкроттық рәсімін аяқтау туралы заңды

		күшіне енген сот ұйғарымының негізінде жүзеге асырылады. Сот заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату туралы шешім шығарған заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару заңды күшіне енген осындай шешім негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) қызметін тоқтату тәртібінің бұзылуы анықталған кезде, сондай-ақ мемлекеттік кіріс органдарында есепке алу жүргізілетін берешегі болған не шетелдік заңды тұлғаның мұндай филиалы (өкілдігі) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндеттемелерді орындамаған жағдайда Мемлекеттік кіріс органдары берешек туралы көрсетілген мәліметтерді беруден бас тартқан жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) қызметін тоқтату тәртібін бұзушылықтар анықталған, Салық Кодексінде және "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған тәртіппен тіркеуші орган филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығарудан бас тарту туралы шешім шығарады. "цифрлық үкіметтің" веб-порталы: Заңды тұлғаның қызметі тарату негізі бойынша тоқтатуды мемлекеттік тіркеу үшін осы Тізбесінің 9-тармағында көзделген құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, электрондық құжат нысанында толтыру және “цифрлық үкіметтің ” төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу арқылы заңды тұлғаның, филиалдың немесе өкілдіктің қызметін тоқтату туралы өтініш беріледі.

		Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттары туралы, көрсетілетін қызметті алушымен тіркеу аламын төлегенін растайтын құжаты жөніндегі (егер ЦҮШП арқылы төленген жағдайда), Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.
11	Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздемелері және оның кіші түрлері (бар болса)	1. заңды тұлғаны (филиалды немесе өкілдікті, сондай-ақ таратылатын заңды тұлғаның есептік тіркеуден алынбаған филиалдары (өкілдіктері) болған жағдайларда тарату тәртібін бұзу; 2. салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болуы не мемлекеттік кіріс органдары мұндай заңды тұлға (шетелдік заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігі) Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда берешек туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартуы. 3. мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау; 4. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы; 5. егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болса;

		6. көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады; 7. егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған заңды күшіне енген сот шешімі болса. 8. "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін анықталған кемшіліктердің жойылмауы.
12	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар, оның ішінде мемлекеттік корпорация арқылы және электрондық нысанда	Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану, қабілетін толық немесе ішінара жоғалту мүмкіндігі бар көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері "1414", 8 800 080 777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы өтініш жасау арқылы тұрғылықты жеріне барып жүргізеді. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттар сервисі мобилді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық

		қолтаңбаны немесе бір реттік паролді пайдалана отырып, мобилді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі " цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Тізбеге 20-қосымша
"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына
2-1 - қосымша
нысан

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы ХАБАРЛАМА

№ ____ "____" _____ 20 жыл

Құрметті _____!

Сіздің

"_____"

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы)

мемлекеттік қызметін көрсетуге арналған, № _____ "____" _____ 20 жылы тіркелген өтінішіңіз қаралды.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатылды.

Тоқтата тұру негізі

(қажеттісін белгілеу):

азаматтың қайтыс болуы (оның ішінде қайтыс болды деп жариялануы) немесе заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы, таратылуы, егер көрсетілетін қызметті

алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен азаматтың әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылуы;

мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметті мемлекеттік органдар, сот немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін көрсету мүмкін еместігі.

көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателердің немесе дәлсіздіктердің анықталуы, олардың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасының толық ұсынылмауы және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметті көрсету қағидаларына сәйкес келмеуі.

Тоқтата тұру себебі

(көрсетілетін қызметті беруші толтырады):

_____

_____

_____

Тоқтата тұру себептерін жою мерзімі: "_" _____ 20 жылға дейін.

Тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылмаған жағдайда, өтініш қарауға қабылданбаған болып есептеледі.

Көрсетілетін қызметті беруші: _____

Лауазымы: _____

Т.А.Ә.: _____

Қолы: _____

М.О. (бар болған жағдайда)

Тізбеге 21-қосымша
"Жеке кәсіпкерлік
субъектісіне жатпайтын заңды
тұлғаның, сондай-ақ
акционерлік қоғамның, олардың
филиалдары мен өкілдіктерінің
жарғысының (ережесінің)
телнұсқасын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
2 – қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның,

		олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру
2	Қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Комитет), аумақтық әділет органдары, Мемлекеттік корпорация
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса):	-
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	"Цифрлық үкіметтің" веб-порталы www. egov. kz.
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейінгі 1 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электронды (толық цифрландырылған)
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасы немесе бас тарту туралы хабарлама жолданады.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілердің жұмыс графигі	портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік

		қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінен жүзеге асырылады).
10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1. қоса берілген қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2. заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) бекітілген жарғының (ереженің) телнұсқасын алу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзіндінің электрондық көшірмесі; 3. жарғының (ереженің) түпнұсқасының жоғалғаны туралы ақпарат көрсетілген мерзімді баспасөз басылымында жарияланғанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.
11	Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздемелері және оның кіші түрлері (бар болса)	1. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігін анықтау; 2. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. 3. "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін анықталған кемшіліктердің жойылмауы.
	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген	Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен

12	өзге де талаптар, оның ішінде мемлекеттік корпорация арқылы және электрондық нысанда	мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Тізбеге 22-қосымша
"Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына
4 – қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру
2	Қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Комитет), аумақтық әділет органдары, Мемлекеттік корпорация
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса):	1. Тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру; 2. Заңды тұлғалар тізілімінен үзінді (Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен);
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	"Цифрлық үкіметтің" веб-порталы : www.egov.kz.
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Порталда рұқсат етілетін ең ұзақ уақыт - 20 минут.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электронды (толық цифрландырылған)
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаның филиалын (

		өкілдігін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілердің жұмыс графигі	1. Комитет және оның аумақтық әділет органдары – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 12.00-ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін. Егер мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс күні аяқталғанға дейін екі сағат бұрын мемлекеттік қызмет көрсету туралы өтініш келіп түссе, мерзім келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі. 2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерді, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады. 3. портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде

		өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы Электрондық құжат нысанында алуға сұрау салу . Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда немесе бір реттік паролді пайдаланған жағдайда, ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алады.
11	Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздемелері және оның кіші түрлері (бар болса)	Жоқ
12	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар, оның ішінде мемлекеттік корпорация арқылы және электрондық нысанда	Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Үшінші тұлғалардың қызметті алу шарттары: Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда немесе бір реттік паролді пайдаланған жағдайда, ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін

		тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алады.

Тізбеге 23-қосымша
"Заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына
2 – қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету)
2	Қызмет берушінің атауы	1) Республикалық және өңірлік мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерге, оның ішінде саяси партиялар, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктеріне қатысты Министрлік; 2) Жергілікті мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерге, қорлар мен заңды тұлғалардың бірлестіктеріне, қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктеріне қатысты аумақтық әділет органдары; 3) Коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге қатысты "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының (бұдан әрі-Мемлекеттік корпорация) филиалдары.
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса):	-
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	Мемлекеттік корпорация және " цифрлық үкімет" веб-порталы.
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейінгі 1 бір жұмыс күні ішінде
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электронды (ішінара цифрландырылған)

7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Өзектендіру (түзету) туралы не өзектенді-руден (түзетуден) бас тарту туралы хабарлама
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілердің жұмыс графигі	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорацияның филиалдары арқылы дүйсенбіден бастап жұмаңы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдері Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа дүйсенбіден бастап жұмаңы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырады. Портал арқылы – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттарды берген кезде: 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) Жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты (жеке басын сәйкестендіру үшін). 3) Растайтын құжат (құрылтай құжаттары, заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі).

10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Құжаттарды "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы берген кезде: 1) ЭЦҚ куәландырылған осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) Электрондық растайтын құжат (құрылтай құжаттары, заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі). Жеке басты куәландыру және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзы арқылы алады.
11	Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздемелері және оның кіші түрлері (бар болса)	1) Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігін анықтау; 2) Көрсетілетін қызметті алушының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы; 3) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 18-2-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін анықталған кемшіліктердің жойылмауы.
		Өз-өзіне қызмет көрсетуді, өздігінен қозғалуды, бағдар жасауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші құжаттар қабылдауды 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну жолымен тұратын жеріне бара отырып жүргізеді.

12	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар, оның ішінде мемлекеттік корпорация арқылы және электрондық нысанда	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында – www.gov.kz орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушы ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда электрондық цифрлық қолтаңба немесе бір реттік пароль пайдаланылған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады. Цифрлық құжаттар сервисі мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді.

Тізбеге 24-қосымша
"Заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына
3-1-қосымша
Нысан

"Заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы ХАБАРЛАМА

Құрметті _____!

Сіздің

"_____"

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы)

мемлекеттік қызметін көрсетуге арналған, № _____ "____" _____ 20 жылы тіркелген өтінішіңіз қаралды.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 18-2-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесі тоқтатылды.

Тоқтата тұру негізі
(қажеттісін белгілеу):

азаматтың қайтыс болуы (оның ішінде қайтыс болды деп жариялануы) немесе заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы, таратылуы, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен азаматтың әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылуы;

мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметті мемлекеттік органдар, сот немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін көрсету мүмкін еместігі.

көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателердің немесе дәлсіздіктердің анықталуы, олардың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасының толық ұсынылмауы және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметті көрсету қағидаларына сәйкес келмеуі.

Тоқтата тұру себебі
(көрсетілетін қызметті беруші толтырады):

_____

_____

_____

Тоқтата тұру себептерін жою мерзімі: "_" _____ 20 жылға дейін.

Тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылмаған жағдайда, өтініш қарауға қабылданбаған болып есептеледі.

Көрсетілетін қызметті беруші: _____

Лауазымы: _____

Т.А.Ә.: _____

Қолы: _____

М.О. (бар болған жағдайда)

Тізбеге 25-қосымша
"Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік
кепілі туралы мәліметтерді
өзектендіру (түзету)"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		

1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын

		жылжымалы мүлік кепілі туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)
2	Қызмет берушінің атауы	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса):	-
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы; 2) цифрлық үкіметтің веб-порталы: www. egov. kz
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап: мемлекеттік қызмет өтініш қабылданған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде көрсетіледі; 2) "цифрлық үкімет" порталында: www. egov. kz. мемлекеттік қызмет бір жұмыс ішінде көрсетіледі.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған) /қағаз түрінде
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы қағаз жеткізгіште: - міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын, жылжымалы мүлік кепілдігін тіркеу туралы куәлік, кепілдің тоқтатылуы туралы хабарлама немесе осы Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздемелер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап; 2) www. egov. kz порталы арқылы цифрлық форматта: міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілдігін тіркеу туралы куәлік, кепілдің тоқтатылғаны туралы хабарлама немесе осы Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздемелер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап .
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін
		1) Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру

